


Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын әлеуметтік қорғаушыларға арналған нұсқаулық

(оқу жәрдемқұралы)



Алматы, 2016





Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын әлеуметтік қорғаушыларға арналған нұсқаулық

(оқу жәрдемқұралы)

ISBN 978-601-80337-0-2

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын әлеуметтік қорғаушыларға арналған нұсқаулық (оқу жәрдемқұралы) – Алматы, 2016. - б.

Авторлары: С.В.Корнейчук, Н.С.Гладырь, э.ғ.к. А.К.Ильсцова

2015 жылғы қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Үкіметі мен БҰҰ агенттіктерінің «Маңғыстау және Қызылорда облыстарының тұрақты даму мен әлеуметтік-экономикалық модернизацияға қол жеткізу мүмкіндіктерін кеңейту» жөніндегі бірлескен бағдарламасы аясында «БҰҰ-әйелдер» жобасын жүзеге асыру басталды. Бағдарламаның мақсаты – Маңғыстау және Қызылорда облыстарында тұрақты және тең құқылы әлеуметтік-экономикалық дамуға, сонымен қатар денсаулық пен денсаулық сақтау жүйесін жақсартуға жағдай жасау. «БҰҰ әйелдер» құрылымы «Әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті қысқарту, жұмыспен қамтуды арттыру және халық денсаулығының негізгі көрсеткіштерін жақсартуға қатысты құрамдас бөлікті жүзеге асыруға жауапты болып табылады. Осыған байланысты «БҰҰ әйелдер» құрылымы «Подруги» дағдарыс орталығымен ынтымақтаса отырып, Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңын жүзеге асыруда жергілікті билік органдарының әлеуетін дамытуға көмек пен техникалық қолдау көрсетеді. Осы оқу жәрдемқұралы жәбірленушілердің қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру мақсатында тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларымен тікелей жұмыс істейтін мамандандың кәсіби әлеуетін нығайтуға бағытталған.

Оның мазмұнында Қазақстанда алғаш рет жәрдем көрсету ұйымдарының әлеуметтік қызметкерлерінің қызметіне анықтама берілген, олар Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 желтоқсандағы «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» №214 заңының 15-бабына сәйкес әрекет етулері тиіс. Жәрдемқұралдың авторлары отбасы-тұрмыстық қатынастардың құрбандарына жәрдем көрсететін ұйымдардың барлық уәкілеттігіне ие болып табылатын осындай қызметкердің қызметін жәбірленушілердің мүдделерін қорғауға емес, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен байланысты қиын өмірлік жағдайға тап болған өзге отбасы мүшелерінің де мүдделерін қорғауға бағытталған деп есептейді және оны әлеуметтік қорғаушы деп атайды.


Авторлардың пікірі бойынша жәрдемқұралдың мазмұнына әлеуметтік қорғаушыларды сотта, құқық қорғау органдарында, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оның профилактикасындағы барлық субъектілердің өзара әрекеттесуі кезінде жәбірленушілердің мүдделерін таныту жөніндегі өз уәкілеттіктерін жүзеге асыру арқылы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсетудің түрлі нысандарына оқытуға арналған материалдарды жәрдемқұралдың мазмұнына енгізу де мейлінше маңызды болып табылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен БҰҰ агенттіктерінің «Маңғыстау және Қызылорда облыстарының тұрақты даму мен әлеуметтік-экономикалық модернизацияға қол жеткізу мүмкіндіктерін кеңейту» жөніндегі бірлескен бағдарламасы аясында «БҰҰ-әйелдер» құрылымының Орталық Азиядағы (Қазақстан) құрылымының көп елдік бөлімшесінің қолдауымен шығарылған.

Отпечатано в типографии ТОО «Классика», г. Алматы, тел.: 233-70-33, www.kprint.kz

© Корнейчук С.В., Гладырь Н.С., к.э.н. Ильсцова А.К., 2016

© Кризисный центр «Подруги», 2016



Мазмұны

Қысқартулар	4
Кіріспе	5
Әлеуметтік қорғаушы және оның қызметінің құқықтық негіздері	6
Әлеуметтік қорғаушылардың тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету ұғымы мен нысаны.....	12
Тұрмыстық зорлық-зомбылық субъектілерімен жұмыс істейтін кездегі әлеуметтік қорғаушының құқықтық жағдайы	15
Әлеуметтік қорғаушының соттағы уәкілеттігі	15
Азаматтық істер бойынша өкілдік ету	15
Қылмыстық сот өндірісіндегі өкілдік	16
Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өкілдік ету	16
Құқық қорғау органдарында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының мүдделерін таныту	17
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау органдарында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының мүдделерін таныту.....	19
Әлеуметтік қорғаушының білім беру мекемелерінің әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандарымен өзара әрекеттесуі	22
Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияда тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының мүдделерін таныту	24
Қорытынды.....	26
Глоссарий ⁴⁸	27
Қолданылған дереккөздерінің тізімі	31
Қосымшалар.....	33
1-қосымша.	33
«Әлеуметтік қорғаушының лауазымдық нұсқаулығы»	33
2-қосымша.....	35
«Тұрмыстық зорлық-зомбылық кезінде әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау кезінде балдар беру	35
3-қосымша	
«Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы арыздарға қарсы әрекет ету және тұрмыстық құқық бұзушылықтардан жәбірленушінің мүдделерін таныту бойынша әлеуметтік қорғаушыға арналған үлгілік нұсқаулықтар»	37



Қысқартулар

НҚА –	нормативтік-құқықтық актілер
ҚР ӘҚБТК –	Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі
ҚР ҚК –	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
Арнаулы қызметтер –	арнаулы әлеуметтік қызметтер
ҚР АПК –	Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық кодексі
ҚР АК –	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі
ІБ –	Ішкі істер бөлімі
ІМ –	Ішкі істер министрлігі
БҒМ –	Білім және ғылым министрлігі
ДӘДМ –	Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі




Кіріспе


Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оның профилактикасы мәселелеріне мұқият назар аударылады. Бірақ кейбір аймақтарда отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылыққа қарсы әрекет ету жөніндегі тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің өзара әрекеттесуін реттеу мәселесі жоқ емес. Қалыптасқан жағдайда тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының әрбір субъектісі құрбанның мәселесін дербес шеше отырып, Қазақстан Республикасының (ҚР) заңнамасында қарастырылған арнаулы әлеуметтік қызметтердің толық тізімін көрсетпейді.

Әлеуметтік қорғаушыларға арнап жұмыс барысында құрылған нұсқаулықтар көмек көрсету жөніндегі ұйым қызметкерінің көмегімен ведомствоаралық өзара әрекеттесу жолымен тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілері қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған. Отбасылық зорлық-зомбылықтың барлық факторларымен кәсіби тұрғыда жұмыс істеу қажет болған сәтте отбасының жекелеген мәселелерін бірігіп шешетін өзара байланысты ұйымдардың тұтас желісі жұмыс істеуі тиіс. Отбасымен өзара әрекеттесудің барлық сатысында бірлесіп жұмыс істеу жәбірленушілерге көмек көрсету кезіндегі маңызды қағида болып табылады. Бұрын жұмыс барысында полицейліктер негізінен отбасымен бірге үйдегі жағдайды бақылайтын болса, соңғы уақытта олар бастапқы сатыда ғана қатысады және отбасы-тұрмыстық жанжалдың барлық қатысушыларының қауіпсіздігіне жауап береді.

Көмек көрсету жөніндегі ұйымның бүкіл жұмысын үйлестірушісі сол ұйым қызметінің тұлғасындағы әлеуметтік қорғаушы болуы мүмкін, ол ведомствоаралық өзара әрекеттесудің барлық қатысушыларының арасындағы байланыстырушы буын ретінде өкілдік етеді. Бұл қызметкер өзіне мұқтаж адамның, яғни тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының «жетекшісі» рөлін өзіне алады деуге болады. Сондай-ақ, ол бірінші кезектегі қажеттіліктерді және мәселелерді анықтауға көмектесуі тиіс. Өйткені көп жағдайда адамдардың тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің мүмкіндіктері туралы, сонымен қатар отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардан зардап шеккен азаматтар қолдана алатын арнаулы әлеуметтік қызметтердің нысандары мен көлемдері туралы құқықтық білімдері бола бермейді.

Осы жәрдемқұралда әлеуметтік қорғаушыларды сотта, құқық қорғау органдарында, барлық профилактика субъектілерімен өзара әрекеттесуде жәбірленушілердің мүдделерін таныту жөніндегі өз уәкілеттіктерін жүзеге асыру жолымен тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсетудің түрлі нысандарына үйретуге арналған материалдар қамтылған.





Әлеуметтік қорғаушы және оның қызметінің құқықтық негіздері

Отбасындағы әрбір зорлық-зомбылық жағдайы бүкіл отбасының мәселесі ретінде қарастырылуы тиіс. Мақсатты топқа кең ауқымды аудиторияны-жәбірлеушілерді; зорлық-зомбылық құрбандарын; зорлық-зомбылықтың кәмелеттік жасқа толмаған куәгерлерін; қарт ата-анасына қатысты зорлық зомбылық жасаған балаларды жатқызуға болады. Олардың барлығының мамандардан консультацияға алуға; арнайы оңалту курстарынан өтуге; медициналық, заңгерлік, әлеуметтік және өзге көмек алуға мүмкіндігі болуы тиіс.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсететін ұйымның әлеуметтік қызметкерінің басты міндеті зорлық-зомбылық құрбанының жеке қауіпсіздігін, барлық отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін көздей отырып, зорлық-зомбылықтың барлық жағдайларымен және барлық рецидивтерімен анағұрлым тиімді жұмыс жүргізу болып табылады. Бұл ретте олардың мәдени, этникалық, діни дәстүрлерін ескеру керек; оларға қолдау көрсетудің қазіргі және бейресми әдістерін құру қажет. Қарастырылып отырған процесті жүзеге асырудағы басты рөл арнайы қызметкерге берілуі тиіс, ол әлеуметтік қызметті жүзеге асыру, соттардың, құқық қорғау органдары мен тұрмыстық

зорлық-зомбылық профилактикасының барлық субъектілерінің арасындағы өзара әрекеттесуді ұйымдастыру дағдыларын меңгеруі тиіс. Бұндай қызметкерді авторлар **әлеуметтік қорғаушы** деп атауды ұсынады. Әлеуметтік қорғаушы – көмек көрсету жөніндегі ұйым қызметкерінің тұлғасындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетумен байланысты бүкіл жұмысты үйлестіруші, ол тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны мен қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасы мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын барлық ведомствоаралық өзара әрекеттесуге қатысушылардың арасындағы байланыстырғыш буын болып табылады.

Өз міндеттерін табысты орындау үшін әлеуметтік қорғаушының жалпы және арнаулы білімімен, дағдылары мен қабілеттерінен басқа, нәтижелі жұмысты қамтамасыз ететін белгілі бір жеке қасиеттерінің шоғыры да болуы тиіс. Сондай-ақ, ол өз қызметінің саласында құзіретке ие болуы тиіс. Әлеуметтік қорғаушының кәсіби табысқа жету процесіндегі ең маңызды талаптардың бірі - оның жоғары әлеуметтік-құқықтық құзіреттілігі. Осыған байланысты біздің көзқарасымыз бойынша әлеуметтік қорғаушы қызметінің құқықтық негіздерінің болуы өзекті болып табылады.

1-кірістірме. Әлеуметтік қорғаушы қызметінің құқықтық негіздері

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер» атты 5-бабының 1-бөлімі негізінде заңмен белгіленген тәртіппен өмірлік қиын жағдайға тап болған адам ретінде мойындалған жәбірленушіге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі.¹

Біз қарастырып отырған тақырыптағы заңнама түрлі деңгейде қарастырылады: кодталған заңнама, ҚР заңдары, Үкіметтің қаулылары және ведомстволық нормативтік-құқықтық актілер (ҮНҚА). Бұл басты құқықтық негіздеме ретінде Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 114-IV заңын мойындау керек. Осы заңның 4-бабына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері:²

- 1) өмірлік қиын жағдай туындаған кезде оны жеңуге жағдай жасау;
- 2) арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілді көлемімен қамтамасыз ету;
- 3) арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету стандарттарының орындалуын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңының 6-бабында адам (отбасы) өмірлік қиын жағдайда деп танылуы мүмкін негіздер келтірілген :

- 1) жетімдік;
- 2) ата-ананың қамқорлығынсыз қалу;
- 3) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девианттық мінез-құлық;
- 3-1) кәмелетке толмағандардың ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуы;
- 4) үш жасқа дейінгі балалардың туғаннан бастапқы психофизикалық дамуы мүмкіндіктерінің шектелуі;
- 5) дене және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы;
- 6) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі;
- 7) жасының егде тартуына байланысты, ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмауы;
- 8) **әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соқтырған қатыгездік;**
- 9) баспанасыздық (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);
- 10) бас бостандығынан айыру орындарынан босау;
- 11) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде болу негіздері бойынша өмірлік қиын жағдайда деп танылуы мүмкін.

1-кірістірмеде бөліп көрсетілген сегізінші негіздеме тұрмыстық зорлық-зомбылықты жоғарыда көрсетілген өзге тармақтарда баяндалған зардаптар ретінде мойындаудың жалғыз себебі болып табылмайды, олар сонымен қатар отбасы-тұрмыстық қатынастар саласына да жатқызылуы мүмкін. Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келуі мүмкін қатігездікпен қарау нысандары болып тұрмыстық зорлық-зомбылықпен, адамдардың саудасымен, сонымен қатар кәмелетке толмағандармен, оларды пайдаланудың басқа да түрлерімен байланысты әрекеттер, сонымен қатар жасаған іс әрекетіне байланысты қылмыстық өндірісті қозғау фактісінің бар-жоғаны тәуелсіз адам ұрлау жатады.

Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келген қатігездікпен қараудың

бар жоғын бағалау критерийлерін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі халықтың денсалығы және әлеуметтік қорғау, білім беру салаларындағы уәкілетті органдармен бірлесіп белгілейді. Бұл критерийлерді жоғарыда аталған ведомстволар әзірлеп, олар 2015 жылдың қаңтар айында күшіне енген. Осылайша, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының осындай қызметтерді қажет ететінін қалай анықтауға болады?» деген сұраққа жауап пайда болды. Әлеуметтік қорғаушы өз қызметінде Ішкі істер, білім және ғылым, денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлерінің «Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерін бекіту туралы» бірлескен бұйрығын басшылыққа алуы тиіс»².

Тұрмыстық зорлық-зомбылық кезінде әлеуметтік

¹ Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 желтоқсандағы №214 заңы.

² Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 114 заңы.

² http://online.zakon.kz/document/?doc_id=31650208

бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау кезінде адамға қатысты жасалған әрекеттер мынадай блоктар бойынша топтастырылады:³

- 1-блок - күш көрсету зорлық-зомбылығы;
- 2-блок - психологиялық зорлық-зомбылық;
- 3-блок - экономикалық зорлық-зомбылық;
- 4-блок - сексуалдық зорлық-зомбылық.

Қатыгездікпен қараудың бар-жоғына бағалау жүргізу кезінде әрекеттердің әрбір блогы бойынша осы Критерийлерге сәйкес балдар беріледі. Осы жәрдемқұралдың 2-қосымшасы «Тұрмыстық зорлық-зомбылық кезінде әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау кезінде балдар беруді» қарастырады.

Егер блоктардың бірі бойынша балдардың қосындысы 5 және одан жоғары балды құраса, адам тұрмыстық зорлық-зомбылықпен байланысты әрекеттердің нәтижесінде қатыгездікпен қараудан зардап шеккен деп танылады.

Зорлық-зомбылық атауы деликті заңнама баптарының диспозициясына қатаң сәйкес келеді (ҚРӘҚБТК және ҚР ҚК). Мысалы, орташа және анағұрлым ауыр санаттағы құқық бұзушылықтарға жатқызылған дене жарақаттары келтірілген кезде бірден 5 балл беріледі және тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны өмірлік қиын жағдайға тап болды деп есептеледі.

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңының 5-бабының 2-бөлігінде былай делінген: «*Арнаулы әлеуметтік қызметтер арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін және ақылы арнаулы әлеуметтік қызметтерді қамтиды*». Бұл құқықтық ереже бірқатар сұрақтарды тудырады.

1. Тегін (кепілді) арнаулы әлеуметтік қызметтерді алуға кімнің құқығы бар?
2. Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілді көлемдері нені қамтиды және оларды кім көрсетеді?
3. Қандай арнаулы әлеуметтік қызметтер ақылы негізде көрсетіледі және бұндай қызметтерді кім төлеуі тиіс?
4. Кепілді және қосымша (ақылы) арнаулы әлеуметтік қызметтердің тізімін кім бекітеді?

Бұл сұрақтардың жауаптары қоғамдық қатынастардың осы саласын реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің мазмұнына негізделеді және кейіннен талдауды қажет етеді.

2009 жылғы 14 наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №330 «Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» қаулысы қабылданды. Бұл қаулы Қазақстан

Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңы қабылданғанға дейін жарты жыл бұрын қабылданды, бірақ оған ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 22 ақпандағы №166 және 2012 жылғы 12 ақпандағы №214 қаулыларымен екі рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді және қазіргі уақытта бірінші сұраққа төмендегідей жауап беруге болады:

«*Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемі мынадай:*

- 1) *психоневрологиялық ауытқулары бар мүгедек балалар;*
- 2) *тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балалар;*
- 3) *психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектер;*
- 4) *бірінші және екінші топтағы мүгедектер;*
- 5) *егде жасына байланысты өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдар;*
- 6) *тұрақты тұрғылықты жері жоқ тұлғалар қатарынан дене және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты ағзасының функциялары тұрақты бұзылған адамдарға (отбасыларға) және (немесе) белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға, сондай-ақ жасының ұлғаюына байланысты өзіне-өзі күтім жасауға қабілетсіз адамдарға (отбасыларға) ұсынылады».*

Көріп отырғанымыздай, осы нормативтік-құқықтық актіде нақты санат-тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны қарастырылмаған. Яғни тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны қиын өмірлік жағдайға тап болса ғана және жоғарыда айтылған 1-6 тармақтардағы зардаптарға алып келген жағдайда ғана кепілдік берілген арнаулы қызметке үміттен алады. Бірақ бұл әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерін бекіткен тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің бірлескен бұйрығына қайшы келеді және үйлеспейді.

Кепілді арнаулы әлеуметтік қызметтердің көлемі республика Үкіметінің 2009 жылғы 14 наурыздағы №330 қаулысымен бекітіліп, мыналарды қамтиды:

- әлеуметтік-тұрмыстық;
- әлеуметтік-медициналық;
- әлеуметтік-психологиялық;
- әлеуметтік-педагогикалық;
- әлеуметтік-еңбек;
- әлеуметтік-мәдени;
- әлеуметтік-экономикалық;
- әлеуметтік-құқықтық қызметтер.

Қызметтерді көрсетудің анағұрлым толығырақ тетігі үкімет деңгейінде тұрмыстық зорлық-зомбылық

³ *Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 630, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 26 қыркүйектегі № 399 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 240 бірлескен бұйрығы.*

профилактикасы субъектілері бойынша нақты бекітіледі. Мысалы, 2009 жылғы 15 желтоқсанда ҚР Үкіметінің № 2136 «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» қаулысына қол қойылды. Онда тегін медициналық көмектің кепілді көлемі қарастырылған, ол мынадай медициналық қызметтердің тізімін қамтиды:⁵

- 1) жедел медициналық көмек пен санитариялық авиация;
- 2) амбулаториялық-емханалық көмек;
- 3) стационарлық медициналық көмек;
- 4) стационарды алмастыратын медициналық көмек;
- 5) қалпына келтіріп емдеу және медициналық оңалту;
- 6) паллиативтік көмек және мейіргер күтімі.

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңының 5-бабының 3-бөлімінде былай делінген: «*Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген және кепілдік берілген көлемінен тыс көрсетілетін қосымша көлемін көрсету аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары шешімдерінің негізінде жүзеге асырылады*»⁶.

Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңының 5-бабының 7-тармағына сәйкес «*Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінен тыс көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің қосымша көлемін көрсетудің тізбесі мен тәртібін жергілікті өкілдік органдары бекітеді*»⁷ деп қарастырылған.

Авторлар аймақтық деңгейде қосымша арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету бойынша туындауы мүмкін теріс зардаптарға да жол береді. Аймақтар бойынша жергілікті атқарушы биліктің экономикалық мүмкіндіктерінің бір бірінен қатты ерекшеленетіні барлығына мәлім, сондықтан көрсетілетін қызмет көлемі де ерекшеленеді. Елде өрісін жайған дағдарыс кезеңі ішінде қаржыландырудың да мардымсыз болуы мүмкін екенін атап өту керек, ал табысы төмен аймақтарда тіпті жүзеге асырылмауы да мүмкін.

Қазақстан Республикасының «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінде сондай-ақ ақылы медициналық қызметтерді

алу тәртібі де қарастырылған (35-бап) – «*Ақылы медициналық қызметтерді мемлекеттік және жеке медициналық ұйымдар, арудың бейіні және медициналық қызметпен айналысуға лицензиясы сәйкес келгенде жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғалар көрсетеді...*»⁸. Денсаулық туралы кодекстің ережелерін жүзеге асырудың анағұрлым толығырақ тетігі ведомстволық деңгейде орындалады - Денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызметтерді көрсету ережелері мен талаптарын бекіту туралы⁹.

Жергілікті деңгейде арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету регламенттердің негізінде жүргізіледі. Мысалы, Ақмола облысында «Мемлекеттік қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің қаулысы¹⁰ құқықтық негіз болып табылады. Маңғыстау облысы әкімдігінде «Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» ұқсас қаулы бар»¹¹.

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңының 5-бабының ақырғы 4-бөлігінде «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары, оларды көрсету тәртібі, өмірлік қиын жағдайда жүрген адамның (отбасының) құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасында айқындалады» деп көрсетілген. Арнаулы әлеуметтік қызметтердің стандарттарын ҚР Үкіметі «Ең төмен әлеуметтік стандарттар мен олардың кепілдіктері туралы» Заң ережелерін ескере отырып, бекітеді.

Ең төмен әлеуметтік стандарттар мынадай салаларда белгіленіп, қолданылады:¹²

- 1) еңбек;
- 2) әлеуметтік қамсыздандыру;
- 3) білім беру;
- 4) отбасы және балалар;
- 5) денсаулық сақтау;
- 6) мәдениет;
- 7) дене шынықтыру және спорт;
- 8) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету.

Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарттарды көрсетудің құқықтық негізі болып жоғарыда аталған заңның 27-бабы табылады.

⁵ Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы №2136 қаулысы.

⁶ Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 желтоқсандағы №214 Заңы.

⁷ Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №114 заңы.

⁸ Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193-IV кодексі.

⁹ Денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызметтерді көрсету ережелері мен талаптарын бекіту туралы. ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі №304 бұйрығы.

¹⁰ Мемлекеттік қызметтердің регламенттерін бекіту туралы. Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 10 сәуірдегі №А-4/130 қаулысы.

¹¹ Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік регламенттерді бекіту туралы. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 21 сәуірдегі №74 қаулысы.

¹² Ең төменгі әлеуметтік стандарттар мен олардың кепілдіктері туралы. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 19 мамырдағы №314 заңы.

2-кірістірме. Отбасы және балалар саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарт

27-бап. Отбасы және балалар саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарт.

1. Отбасы және балалар саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарт отбасы және балалар мүдделерінің қорғалуына әлеуметтік кепілдіктер мен әлеуметтік құқықтардың іске асырылуын қамтамасыз етеді.
2. «Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасына тәрбиелеуге (асырап алуға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа) берілген балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету» ең төмен әлеуметтік стандарты отбасы және балалар саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарт болып табылады.
3. Отбасы және балалар саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді және қолданылады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетудің мамандандырылған стандарттары әзірлену сатысында және қолда бар барлық нормативтік-құқықтық актілерді ескеруі тиіс:

- 1) Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету стандарттарын бекіту туралы;¹³
- 2) Білім беру саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету стандарттарын бекіту туралы¹⁴

Осы құқықтық актілерді пайдалана отырып, әлеуметтік қорғаушы нақты орындаушылар туралы ақпарат алады.

Авторлар тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының әділ сотқа қол жеткізу мәселесіне басты назар аударғылары келді, өйткені бұл сұрақ бүгінгі таңда қиындық тудырып отыр, өйткені халықтың отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы заңнамадан хабардар болу деңгейі аса төмен. Осы тұрғыдан қалыптасқан жағдайда жәбірленушілерге кепілді мемлекеттік заңдық көмек көрсетілетін болса, қол жеткізу мүмкіндігін ұсыну жағына қарай өзгертілуі мүмкін.

Заңның «Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы» 6-бабы негізінде¹⁵, мемлекет кепілдік берген заңдық көмек мынадай түрде көрсетіледі:

- 1) құқықтық ақпарат беру;
- 2) құқықтық консультация беру;
- 3) мемлекет кепілдік берген заң көмегі – заң көмегін алуға құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген негізде және тәртіпте тегін негізде көрсетілетін заң көмегі.

Құқықтық ақпарат беру, құқықтық консультация беру, адвокаттардың жеке тұлғалардың мүдделерін

қорғауы және танытуы Қазақстан Республикасының «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» заңына сәйкес мемлекеттің кепілді заңдық көмекті көрсету саласындағы ең төменгі әлеуметтік стандарттар болып табылады.

ҚР «Адвокаттық қызмет туралы» заңының 6-бабына сәйкес адвокаттар мына тұлғаларға:

- 1) соттар асыраушысының қайтыс болуы, жұмыспен байланысты мертігуі немесе денсаулығының өзгедей зақымдануы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді қараған кезде қуынушыларға;
- 2) егер сот қарап жатқан дау кәсіпкерлік қызметпен байланысты болмаса, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген адамдар, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтардағы мүгедектер, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын қуынушылар мен жауапкерлерге;
- 3) алименттер өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе оралман мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға заң көмегін тегін көрсетеді¹⁶.

Жоғарыда келтірілген дереккөздерінен көріп отырғанымыздай, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары жоғарыда аталған тұлғалар санатына жатпаған жағдайда оларға тегін заңдық көмек көрсету қарастырылмаған. 2014 жылғы 18 ақпаннан бастап ҚР №175 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнайы әлеуметтік қызметтерді көрсету тәртібіне өзгерістер енгізілген. Осылайша, «Тұрмыстық

¹³ Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы №165 бұйрығы.

¹⁴ Білім беру саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету стандартын бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 26 наурыздағы №262 қаулысы.

¹⁵ Мемлекет кепілдік берген заңдық көмек туралы. ҚР 2013 жылғы 3 шілдедегі №122 заңы.

¹⁶ Адвокаттық қызмет туралы. ҚР 1997 жылғы 5 желтоқсандағы №195 заңы.

зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңының 15-бабында көмек көрсету жөніндегі ұйымдар «жәбірленушілерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетеді, сондай-ақ олардың мүдделері үшін аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген және (немесе) кепілдік берілген көлемнен тыс көрсетілетін қосымша көлемін көрсету туралы өтінішпен жүгінеді»¹⁷ деп көрсетілген. Осы баптың екінші бөлімінде «Көмек көрсету жөніндегі ұйымдарды жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрады» деп қарастырылған.

Көмек көрсету жөніндегі ұйым келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) жәбірленушілерді қабылдауды жүзеге асырады;
- 2) жәбірленушілерге қажетті психологиялық, педагогикалық, медициналық, заң көмегін көрсетуді ұйымдастырады, қажет болған жағдайда, медициналық көмек көрсету және одан әрі оңалту үшін оларды денсаулық сақтау ұйымдарына жібереді;
- 3) мүмкіндіктерге қарай жәбірленушілерге уақытша тұратын жер ұсынады;
- 4) жәбірленушілерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетеді, сондай-ақ олардың мүдделері үшін аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген және (немесе) кепілдік берілген көлемнен тыс көрсетілетін қосымша көлемін көрсету туралы өтінішпен жүгінеді;
- 5) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдармен психологиялық түзету бағдарламаларын жүргізеді;

- 6) тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері туралы немесе олардың жасалу қаупі туралы ішкі істер органдарына хабарлайды;
- 7) тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы мәселелері бойынша құқықтық түсіндіру жұмысын жүзеге асырады;
- 8) тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады.

Жәрдемқұралда қарастырылған Қазақстан Республикасының қоғамдық қатынастар саласындағы заңдардың орындалуы заңмен қорғалады. ҚР 2015 жылғы 19 мамырдағы №315 заңымен Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі жаңа «Қазақстан Республикасының ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы заңнамасын бұзу»¹⁸ 82-1-баппен толықтырылды, ол келесі біліктілік белгілерін қарастырады:¹⁹

- 1) Қазақстан Республикасының ең төмен әлеуметтік стандарттарды және олардың кепілдіктері туралы заңнамасын орындамау;
- 2) ең төмен әлеуметтік стандарттарды қамтамасыз етпеу;
- 3) осындай әрекеттердің әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалуы.


Әкімшілік жазаға тарту туралы шешімді халықты әлеуметтік қорғау органдары (725-бап) және білім беру органдары (730-бап) қабылдайды. ҚР ӘҚБтК 807-бабы негізінде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету саласындағы бұзылған құқықтарын қалпына келтіру туралы өтінішпен тікелей сотқа жүгіне алады.



¹⁷ Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет ету мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 18 ақпандағы №175 заңы.

¹⁸ Қазақстан Республикасының ең төменгі әлеуметтік стандарттар мен олардың кепілдіктері туралы мәселелер жөніндегі кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 19 мамырдағы №315 заңы.

¹⁹ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V кодексі.



Әлеуметтік қорғаушылардың тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету ұғымы мен нысаны

Қазақстан Республикасы Үкіметінің №330²⁰ қаулысына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілді көлемінің тізімі мыналарды қамтиды: тұрмыстық, медициналық, психологиялық, педагогикалық, еңбек, мәдени, экономикалық және құқықтық.

1. Тұрмыстағы қызмет алушылардың тыныс-тіршілігін қолдауға бағытталған әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету әлеуметтік қызмет көрсету нысандарының бірі бола отырып, оларды әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуға, тұрмыстағы тіршіліктеріне қолдау көрсету және оны қамтамасыз етуге, сонымен қатар олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған. Әлеуметтік-

тұрмыстық қызмет көрсету үйде немесе меншік нысанына тәуелсіз әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік-тұрмыстық қызметтердің кешенін қамтиды.

2. Қызмет алушылардың денсаулығын қолдауға және жақсартуға бағытталған әлеуметтік-медициналық қызметтер.

Әлеуметтік қорғаушының тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына медициналық-әлеуметтік қызмет көрсету барысына қатысуы оның кәсіби қызметінің мәні болып табылады. Әлеуметтік-медициналық қызметтер тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына олардың денсаулық жағдайына қолдау көрсету, емдеу-сауықтыру шараларын ұйымдастыру арқылы әлеуметтік-

²⁰ Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілді көлемінің тізімін бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 14 наурыздағы №330 қаулысы.

медициналық оңалту, дәрі-дәрмектер мен медициналық техниканы ұсыну, консультациялар беру, білікті медициналық көмекті дер кезінде алуға қолдау көрсету, тіршілік әрекетінің өзге әлеуметтік медициналық мәселелерін шешуге қолдау көрсету мақсатында көрсетіледі.

3. Қызмет алушыларды қоршаған ортаға әлеуметтік бейімдеуге, әлеуметтендіру мен кіріктіруге бағытталған олардың психологиялық жағдайын түзетуді көздейтін әлеуметтік-психологиялық қызметтер.

Әлеуметтік қорғаушының басты күш-жігері клиенттердің психологиялық жәй-күйін жақсартуға, тіршілік әрекеті ортасына бейімделу қабілетін қалпына келтіруге қолдау көрсетуге бағытталған; ол түрлі әдістерді қолдана отырып көрсетілуі мүмкін.

Әлеуметтік-психологиялық консультациялар беру клиенттен оның қиындықтары туралы ақпарат алуды және клиенттің ішкі ресурстарын ашу мен жұмылдыру және кейіннен әлеуметтік-психологиялық мәселелерді шешу үшін осы мәселелерді онымен бірге талқылауды көздейді.

Психологиялық консультациялар беру – жақын және өзі үшін басқа да маңызды адамдармен бірлесіп, жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру жолында клиентке көмек көрсету.

Психодиагностика және жеке тұлғаларды зерттеу – әлеуметтік-психологиялық қызмет, ауытқуларды психологиялық түзету бойынша ұсыныстарды әзірлеп, болжамды құрастыру үшін қоршаған адамдармен арақатынастағы және оның іс-әрекетіндегі ауытқуларға ықпал ететін клиенттің жеке басының ерекшеліктері мен психикалық жәй-күйін анықтау мен талдауды көздейді.

Психологиялық түзету – аталмыш ауытқулардың жастық нормативтерге, әлеуметтік ортаның талаптары мен клиенттің мүдделеріне сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында клиенттің дамуындағы, эмоционалдық жағдайы мен іс-әрекетіндегі ауытқуларды жеңуге немесе босаңсытуға бағытталған белсенді психологиялық әсер етуді көздейді.

Психотерапевтикалық көмек – психолог – клиент жүйесіндегі психологиялық әсер ету, ол терең өмірлік қиындықтарда және жеке тұлғалардың арасындағы жанжалда жатқан клиенттің мәселелерін шешуге бағытталған.

Психопрофилактикалық және психологиялық жұмыс – клиенттердің психологиялық білімдегі қажеттіліктерін, өз-өзіне және өз мәселесіне қатысты жұмыс жүргізетін кезде оларды пайдалану ниетін қалыптастыруға, клиенттің жеке тұлғасының қалыптасуы мен дамуындағы болжамды ауытқулардың дер кезінде алдын алу үшін әрбір жас сатысында жеке тұлғаның толыққанды психикалық дамуына жағдай жасауға ықпал ету.

Психологиялық тренинг, әлеуметтік-психологиялық қызмет ретінде психиканы жарақаттайтын жағдайлардың зардаптарын жоюға, жүйке-психикалық қысымды босаңсытуға, жаңа жағдайға бейімделу үшін жеке алғышарттарды қалыптастыруға бағытталған белсенді психологиялық ықпал етуді көздейді.

4. Әлеуметтік-педагогикалық қызметтер, олар отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардан зардап шеккен балаларды педагогикалық түзетуге және оқытуға бағытталған.

Әлеуметтік қорғаушының жұмысы тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен кәмелеттік жасқа толмаған балалардың бос уақытын ұйымдастыруға, балалардың отбасылық тәрбиесіне және тіршіліктің басқа да әлеуметтік-педагогикалық мәселелерін шешуге бағытталған. Жоғарыда аталған қызметтер балалардың қалыпты тәрбиесі мен дамуын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік-педагогикалық патронаж-ата-анасымен, қамқоршыларымен, қамқорлық көрсететін тұлғалармен, балалармен, оның ішінде үйде жүйелі жұмыс істеу түрінде жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Қызмет алушылардың бойында еңбек дағдыларын қалыптастыруға, қалған еңбек дағдыларын сақтауға және дамытуға және еңбек қызметін ұйымдастыруға бағытталған әлеуметтік-еңбек қызметтері.

Әлеуметтік қорғаушы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының қалған еңбек дағдыларын падалану, қол жетімді кәсіби дағдыларға үйрету шараларын өткізеді, қалдық еңбек дағдыларын қолдануға жағдай жасауды және еңбек қызметіне араластыруды, қол жетімді еңбек және бастапқы кәсіби дағдыларға оқыту жөніндегі шаралар өткізуді, жеке басының және әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруді қарастырады.

Жұмысқа тұрғызуға көмектесу мыналарды қамтиды:

- қажетті ұйымдар мен кәсіпорындарды іздеу, олармен әлеуметтік қызметтерді алушыларды жұмысқа тұрғызу жөніндегі шарттар жасау, жұмыс берушілермен келіссөздер жүргізу арқылы жұмысқа тұрғызуға көмектесу, олардың алдында өтініш білдіру;
- әлеуметтік қызмет көрсету ұйымының өзіндегі немесе онда құрылатын бөлімшелердегі жұмыс орындарына жұмысқа тұрғызуға ықпал ету;
- еңбекке бейімдеу мәселелерін шешу үшін еңбекке жарамды әлеуметтік қызметтерді алушылардың жұмысқа тұруын есепке алу.

6. Бос уақытты ұйымдастыруға, әлеуметтік-мәдени шараларды өткізуге және оларға қызметтерді алушыларды тартуды ұйымдастыруға бағытталған әлеуметтік-мәдени қызметтер.

Әлеуметтік-мәдени қызметтер – бұл мәдениет өнімі ғана емес, адамның ділін қалыптастыру

факторы да болып табылады. Әлеуметтік қорғаушы осы саладағы өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» заңының 12-1 бабын басшылыққа алады, онда: «Мемлекеттік мәдениет ұйымдары көрсететін қызметтердің қолжетімді болуын қамтамасыз етудің ең төмен әлеуметтік стандарты және мемлекеттік мәдениет ұйымдары өткізетін мәдени ойын-сауық іс-шараларына мүгедектердің қол жеткізуін қамтамасыз етудің ең төмен әлеуметтік стандарты «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәдениет саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарттар болып табылады» деп айтылады.²¹

«Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы»²² заңның 32-бабы төмендегілерді қарастырады:

1. Мәдениет саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарттар мәдени құндылықтарға қол жеткізуге әлеуметтік кепілдіктер мен әлеуметтік құқықтардың іске асырылуын қамтамасыз етеді.

2. Мыналар:

- «Мемлекеттік мәдениет ұйымдары көрсететін қызметтердің қолжетімді болуын қамтамасыз ету» ең төмен әлеуметтік стандарты;
- «Мемлекеттік мәдениет ұйымдары өткізетін мәдени-ойын-сауық іс-шараларына мүгедектердің қол жеткізуін қамтамасыз ету» ең төмен әлеуметтік стандарты мәдениет саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарттар болып табылады.

3. Мәдениет саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді және қолданылады.

7. Қызмет алушылардың өмір сүру деңгейін қолдау мен жақсартуға бағытталған **әлеуметтік-**

экономикалық қызметтер. Бұндай қызметтер материалдық көмек көрсету, консультация беру, жұмысқа тұрғызуға көмектесу, тіршілік әрекетінің басқа да әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу арқылы өмір сүру деңгейін жақсарту және қолдау көрсету мақсатында отбасы-тұрмыстық құқық бұзушылықтардан зардап шегушілерге көрсетіледі.

Экономикалық көмек клиенттерге ақша қаражатын, тағамдық азықтарды, санитария мен гигиена құралдарын, балаларға күтім көрсету құралдарын, киім, аяқкиім мен басқа да алғашқы қажеттілікке арналған заттарды, отынды, сонымен қатар арнайы көлік құралдарын, мүгедектер мен бөтен адамның күтіміне мұқтаж тұлғаларды оңалтудың техникалық құралдарын ұсынудан тұратын әлеуметтік-экономикалық қызмет ретінде қарастырылуы мүмкін.


8. Қызмет алушылардың құқықтық мәртебесін қолдауға немесе өзгертуге, заңды көмек көрсетуге, олардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған **әлеуметтік-құқықтық қызметтер.** *Әлеуметтік қорғаушы заңнамамен белгіленген жеңілдіктер мен әлеуметтік төлемдерді алуға қолдау көрсетеді, құжаттарды ресімдеуге көмектеседі және қажет болған жағдайда сотта тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының мүдделерін танытады.*

Сонымен қатар әлеуметтік-құқықтық қызметтер мыналарды қамтиды:

- жоғалған құжаттарды қалпына келтіруге және ресімдеуде көмектесу;
- заңдық көмек алуға көмектесу (оның ішінде тегін);
- тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға көмектесу.

²¹ Мәдениет туралы. Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы №207 заңы.

²² Ең төменгі әлеуметтік стандарттар мен олардың кепілдіктері туралы. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 19 мамырдағы №314 заңы.



Тұрмыстық зорлық-зомбылық субъектілерімен жұмыс істейтін кездегі әлеуметтік қорғаушының құқықтық жағдайы

Әлеуметтік қорғаушының соттағы уәкілеттігі

Әлеуметтік қорғаушылар үшінші тұлғалардың алдында көмек сұрап барған тұлғаның мүдделерін таныту туралы шешім қабылдағаннан кейін (мысалы, әкімшілік немесе қылмыстық сот өндірісінде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының мүдделерін таныта отырып, сонымен қатар азаматтық сот өндірісінде талапкердің мүдделерін таныта отырып) олар өтініш білдірген тұлғамен бірге тапсырма шартына негізделген азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі. Бұл жерде осы шарттың елеулі талаптарына, сонымен қатар әлеуметтік қорғаушының (өкілдің) уәкілеттіктерді ресімдеу тәртібіне назар аудару керек.

Азаматтық істер бойынша өкілдік ету

Қазақстан Республикасында өкілдік ету институтын азаматтық-құқықтық реттеу ҚР АПК 6-тарауында (58-62 баптар) қарастырылған. Азаматтар сотта өз істерін

жеке өздері немесе өкілдері арқылы жүргізуге құқылы. Азаматтың іске өзінің қатысуы оның бұл іс бойынша өкілі болу құқығынан айырмайды²³. Сенімхатқа, заңдарға, сот шешімдеріне не әкімшілік актісіне негізделген істі сотта жүргізуге тиісінше ресімделген өкілеттігі бар әрекетке қабілетті кез келген адам сотта өкіл бола алады.

ҚР АПК 59-бабының 7-тармағы негізінде іске қатысатын адамдардың өтінуімен сот рұқсат еткен, жоғары заңгерлік білімі бар басқа да адамдар тапсырма бойынша сотта өкіл бола алады. Адам, егер мүдделері өзі өкіл болып отырған адамның мүдделеріне қайшы келетін адамдарға осы іс бойынша заң көмегін көрсетсе немесе бұрын көрсеткен болса немесе судья, прокурор, сарапшы, маман, аудармашы, куә немесе айғақшы ретінде қатысса, сондай-ақ егер ол істі қарауға қатысушы лауазымды адаммен туыстық қатынастарда болса, өкіл бола алмайды. Сотта іс жүргізуге өкілеттіктер, қуыным арызға қол қоюды, медиация жүргізу туралы шарт жасасуды не істі төрелікке немесе аралық сотқа беруді, қуыным талаптарынан толық немесе ішінара бас тартуды және қуынымды мойындауды, қуыным нысанасын немесе негізін өзгертуді,

²³ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі №411 Азаматтық процессуалдық кодексі.

бітімгершілік келісім жасасуды, өкілеттіктерді басқа адамға беруді, соттың қаулысына шағым жасауды, сот қаулысын мәжбүрлеп орындатуды талап етуді, берілген мүлікті немесе ақшаны алуды қоспағанда, өкілге өкілдік берушінің атынан барлық іс жүргізу әрекеттерін жасауға құқық береді. ҚР АПК 62-бабына сәйкес Өкілдің өкілеттіктері заңға сәйкес берілген және ресімделген сенімхатта көрсетілуге тиіс. Көмек көрсететін ұйымның уәкілеттік берген әлеуметтік қорғаушыны сотқа осы іс бойынша өкілдікті жүзеге асыруға арналған тапсырманы кұәландыратын құжаттарды беруі тиіс.

Тапсырма шарты бойынша бір тарап (сенім білдірілген өкіл) екінші тараптың (сенім білдірушінің) атынан және соның есебінен белгілі бір заңды іс-әрекет жасауға міндеттенеді. Сенім білдірілген өкіл жасаған мәміле бойынша құқықтар мен міндеттер тікелей сенім білдірушіде пайда болады (ҚР АҚ 846 -бабы)²⁴. Сенімхаттың нысаны мен қолданылу мерзімі осы сенімхат берілген елдің құқығы бойынша анықталады. Алайда сенімхат Қазақстан Республикасы құқықтарының талаптарын қанағаттандырса, оны нысаны сақталмауының салдарынан жарамсыз деп тануға болмайды (ҚР АҚ 1105-бабы).

Қылмыстық сот өндірісіндегі өкілдік

Қылмыстық-іс жүргізу заңнамасына сәйкес өкілдер – жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, жеке-ше айыптаушының, азаматтық жауапкердің заңды мүдделерін заңның немесе келісімнің күшіне орай білдіруге уәкілеттік берілген адамдар (ҚР ҚПК 7-бабының 32-бабы)²⁵. ҚР ҚПК 76-бабының негізінде Қылмыстық процесте жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және жекеше айыптаушының заңды мүдделерін білдіруге заң күшімен құқықты және қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысымен процеске қатысуға жіберілген адвокаттар мен өзге де тұлғалар жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және жекеше айыптаушының өкілдері бола алады. Жәбірленушінің өкілі өзі өкілі болып отырған процеске қатысушының мүдделеріне қайшы қандай да бір әрекеттер жасауға құқылы емес.

Жәбірленушінің өкілі мына мән-жайлардың кез келгені болған кезде (ҚР ҚПК 94-бабы):

- 1) бұрын іске судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы, сот отырысының хатшысы, сот приставы, куә, сарапшы, маман, аудармашы немесе куәгер ретінде қатысса;
- 2) осы істі тергеп-тексеруге немесе соттың қарауына қатысқан немесе қатысып отырған лауазымды адаммен туыстық немесе басқа да жеке тәуелділік қатынастарда болса;

- 3) қорғалушымен немесе сенім білдірушімен мүдделері қарама-қарсы адамға заң көмегін көрсетіп жүрсе немесе бұрын көмек көрсеткен болса, сол сияқты мұндай адамдармен туыстық немесе өзге де жеке тәуелділік қатынастарда болса;
- 4) заңның немесе сот шешімінің күшіне орай қорғаушы немесе өкіл болуға құқылы болмаса, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатыса алмайды.

Заңды өкілдің мынадай құқықтары бар:

- өтініштер мен бас тартуларды мәлімдеу;
- дәлелдер келтіру;
- тергеушінің рұқсатымен оның немесе қорғаушысының өтініші бойынша жүргізілетін тергеу қимылдарына қатысу;
- өзі қатысқан тергеу қимылдарының хаттамаларымен танысу және ондағы жасалған жазбалардың дұрыстығы мен толықтығы туралы жазбаша ескертпелер жасау;
- алдын ала тергеу аяқталған соң істің барлық материалымен танысуға, одан кез келген мәліметті және кез келген көлемде көшіріп алуға, мемлекеттік құпияны және заңмен қорғалатын өзше құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, ғылыми-техникалық құралдардың көмегімен құжаттарды көшірмелерін түсіру;
- сот талқылауына қатысуға;
- сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асырған тұлғаның, прокурор мен соттың іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдар беру;
- соттың қаулысына шағым жасауға және шағымдалатын шешімдердің көшірмелерін алу;
- іс бойынша келтірілетін шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылықтар білдіру;
- мәлімделген шағымдар мен наразылықтарды соттың қарауына қатысу.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өкілдік ету

Тұрмыс саласындағы ең тараған әкімшілік құқық бұзушылық болып ҚР ӘҚБТК «Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы заңсыз әрекеттер» 73-бабында қарастырылған тұрмыстық жәбірленушінің заңсыз әрекеттері табылады. Сонымен қатар отбасы-тұрмыстық қатынастар саласына қорғаныс нұсқамасының талаптарын (ҚР ӘҚБТК 461-бабы) және құқық бұзушының іс-әрекетіне қойылатын

²⁴ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім).

²⁵ Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ Қылмыстық процессуалдық кодексі.

ерекше талаптармен белгіленген шектеулерді (ҚР ӘҚБтК 54 және 669-баптары) орындамаумен байланысты құқық бұзушылық іс-әрекетін жатқызу керек. Әлеуметтік қорғаушы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының мүдделерін ҚР ӘҚБтК «Жәбірленушінің өкілі» 753-бабы негізінде таныта алады, онда былай делінген:²⁶

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша істі жүргізу кезінде жәбірленушінің заңды мүдделерін білдіруге заң бойынша құқығы бар адамдар жәбірленушінің өкілдері бола алады;
2. Жәбірленуші өкілдерінің өздері өкіл болып отырған жеке және заңды тұлғалармен осы Кодексте көзделген шекте процестік құқықтары бірдей болады;
3. Өкілдің өзі өкілі болып отырған тұлғаның мүдделеріне қарамастан қандай да бір әрекеттер жасауға құқығы жоқ;
4. Жәбірленушінің іске жеке қатысуы оны осы іс бойынша өкіл алу құқығынан айырмайды.

Жәбірленуші өкілінің істің барлық материалдарымен танысуға, түсіндірмелер беруге, дәлелдемелер ұсынуға, өтініштер мен бас тартуларды мәлімдеуге, өкілін қатыстыруға, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша хаттаманы және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыны даулауға, ҚР ӘҚБтК берілген басқа да процессуалдық құқықтарды пайдалануға құқығы бар. Өкілдің уәкілеттігін ресімдеу ҚР АПК «Өкілдің уәкілеттіктерін ресімдеу» 62-бабы негізінде жүзеге асырылады, оның 1-бөлімінде былай деп қарастырылған: «Осы Кодекстің 59-бабының 6) және 7) тармақшаларында аталған өкілдің өкілеттігі сенімхатта немесе сот отырысының хаттамасына кіргізілген сенім білдірушінің сотта берген ауызша түрдегі өтінішінде көрініс табуы мүмкін». ҚР АПК «Тапсырма бойынша өкілдік ету» 59-бабы тапсырма бойынша өкілдік етуді жүзеге асыру құқығына ие тұлғалар тобы белгіленеді және 6) және 7) тармақшалар мыналарды қарастырады:

- 6) басқа тең қатысушылардың тапсырмасы бойынша тең қатысушылардың біреуі;
- 7) іске қатысатын адамдардың өтінуімен сот рұқсат еткен, жоғары заңгерлік білімі бар басқа да адамдар тапсырма бойынша сотта өкіл бола алады».²⁷

Осылайша, әлеуметтік қорғаушы сотқа сенімхат ұсынуға міндетті емес, тіпті оның сенімхаты болмауы да мүмкін, бірақ нақты жәбірленушінің сот отырысына қатысуы міндетті талап болып табылады.

Ұлттық әкімшілік заңнама сотқа жеке тұлғалардың заңды өкілдерінің, сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбірленушілердің қатысуын

қарастырады. Бірақ ӘҚБтК 746-бабына сәйкес жәбірленушілер ретінде Кәмететке толмағандар немесе өзінің дене бітімі немесе психикалық жағдайы бойынша өз құқықтарын өз бетінше жүзеге асыру мүмкіндігінен айырылған тұлғалар ғана мойындалады. Ата-анасы, асырап алушылары, қорғаншылары, қамқоршылары және қамқоршысы немесе асыраушысы болып отырған өзге де адамдар жеке тұлғаның заңды өкілдері деп танылады. Жеке тұлғаның заңды өкілдері болып табылатын адамдардың туыстық байланыстары немесе тиісті өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттармен куәландырылады.

Құқық қорғау органдарында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының мүдделерін таныту

Осы бөлімде құқық қорғау органдары деп тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оның профилактикасы процесіне тікелей қатысатын органдарды, атап айтқанда ішкі істер органдары (ИО) мен прокуратураны түсіну керек.

Құқық қорғау органдарында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының мүдделерін таныту жөніндегі қызметтер көлемі ҚР нормативтік құқықтық актілерімен және лауазымдық нұсқаулықпен белгіленеді (1-Қосымшаны қара). Тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілеріне қарсы әрекет ету кезінде ИБ басшылыққа алатын негізгі нормативтік-құқықтық актілер болып Қазақстан Республикасының кодталған заңнамасы, сонымен қатар «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру тәртібі туралы» заңдары табылады²⁸.

Ішкі істер органдарын отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен профилактикасының негізгі субъектілері ретінде есептеу қабылданған. Дәл осы орган тұрмыстық құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың жасалған жеріне бірінші болып шығады; құқық бұзушыларды жеткізеді; ұстайды; оларға қатысты қорғаныс нұсқамасын шығарады; әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істер бойынша өндірісті, қылмыстық құдалауды және т.б. жүзеге асырады. Полиция дербес немесе жұртшылықпен, өзге құқық қорғау органдарымен бірігіп тұрмыстық жәбірленушілерге қатысты барлық жеке профилактика шараларын орындап, оларды жүзеге асырады²⁹.

²⁶ Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі.

²⁷ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі №411 Азаматтық процессуалдық кодексі.

²⁸ Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру тәртібі туралы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 заңы.

²⁹ Н.С.Гладырь, Е.Э.Карстен, С.В.Корнейчук, Р.Н. Юрченко. Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңын жүзеге асыру. Адам құқықтары жөніндегі есеп. Алматы, 2011. 154-б.

Құқық бұзушылықтардың профилактикасы саласындағы билік-өкімдік ету уәкілеттіктері диапозонының кең болуына байланысты ІІБ тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының анағұрлым маңызды субъектілері болып табылады³⁰. Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңының 15-бабының 5-тармағына сәйкес әлеуметтік қорғаушы тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері туралы немесе олардың жасалу қаупі туралы ішкі істер органдарына хабарлайды. Сонымен қатар әлеуметтік қорғаушы Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңының 3-бабының 3-тармағының ережелерін басшылыққа алуы тиіс, ол профилактика субъектілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбірленуші тұлғаның жеке өмірі туралы мәліметтерді жариялауға тыйым салатын конфиденциалдылық қағидатының орындалуын талап етеді³¹. Бірақ конфиденциалдылық қағидаты интимді болып табылатын ақпаратқа тарамайды, сонымен қатар кәсіби құпия, мемлекеттік құпия және т.б. белгілерді қамтымайды. Бірақ «осы ақпаратты жасыру жәбірленушіге немесе өзге тұлғаларға зиян келтіруі мүмкін» болғандықтан тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері немесе оның қаупі туралы фактілер туралы ІІБ хабарлау керек. Бұл ақпаратты хабарламау үшінші тұлғаларға-балалардың психикалық жағдайына зиян келтіруі мүмкін.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны көмек көрсету ұйымына арызданған кезде әлеуметтік қорғаушы консультация өткізіп, ІІБ мен прокуратураның тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілеріне қарсы әрекет ету жөніндегі уәкілеттіктерін түсіндіруі тиіс. Сонымен қатар әлеуметтік қорғаушы құқық қорғау органдарында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының мүдделерін сенімхат бойынша танытуы мүмкін. Әлеуметтік қорғаушының (өкілдің) уәкілеттіктерін ресімдеу ҚР АПК «Өкілдің уәкілеттіктерін ресімдеу» 62-бабының негізінде жүзеге асырылады.³² ҚР АҚ 167-бабы 4-тармағының 3-бөлімі негізінде нотариалды түрде расталған сенімхаттарға халықты әлеуметтік қорғау мекемелеріндегі кәметтік жасқа толған қабілетті азаматтардың сенімхаттары теңестіріледі, оны сол мекеменің басшысы немесе сәйкес халықты әлеуметтік қорғау органының басшысы растауы тиіс³³.

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңының 10-бабына сәйкес ішкі істер органдарының құзіреті мынадай³⁴:

- 1) тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы жөніндегі шараларды жүзеге асырады;
- 2) профилактикалық есепке алуды жүргізеді және профилактикалық бақылауды жүзеге асырады;
- 3) тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері немесе олардың жасалу қаупі туралы өтініштер мен хабарламаларды сол жерге барып қарайды және олардың жолын кесу жөніндегі шараларды қолданады;
- 4) жәбірленушілердің өтініші бойынша оларды көмек көрсету жөніндегі ұйымдарға немесе денсаулық сақтау ұйымдарына жібереді;
- 5) профилактикалық әңгімелесу жүргізеді;
- 6) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды ішкі істер органдарына жеткізеді;
- 7) қорғау нұсқамасын шығарады;
- 8) әкімшілік ұстауды жүргізеді;
- 9) сот алдында тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу туралы өтініш жасайды;
- 10) қылмыстық ізге түсуді, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жүргізуді жүзеге асырады;
- 11) қылмыстық іс жүргізудің мәжбүрлеу шараларын қолданады;
- 12) жәбірленуші қауіпсіздігінің қылмыстық-құқықтық шараларын қолданады;

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңының (бұдан әрі-Заң) екінші тарауында прокуратура тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектісі болып табылады деп көрсетілмеген, бірақ бұл оның қызметі заңның 24-бабымен шектелетінін білдірмейді, бұл бапта былай деп айтылған «Қазақстан Республикасының тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заңнамасының дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуына жоғары қадағалауды прокуратура органдары жүзеге асырады». Осындай ережелер Қазақстан Республикасы Конституциясының³⁵ 88-бабында, Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» заңында қарастырылған. Прокуратура, бұл жағдайда заңның 2-тарауында айтылған тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің тарапынан ғана заңда қарастырылған кез келген заң бұзушылықты анықтау шараларын қолдануды көздеп қоймайды. Мысалы, прокурорға заңды күшіне енген шешімдерді, үкімдер мен өзге сот қаулыларына қарсылық білдіру және уақытша тоқтату уәкілеттігі берілген.

ҚР «Прокуратура туралы» заңының 4-бабына сәйкес

³⁰ И. И. Роговтың, С. М. Рахметовтың редакциялығындағы Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңына түсіндірмелер. Алматы: «Норма-К» баспаханасы» ЖШС. 2010. 144-б.

³¹ Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 желтоқсандағы №214 Заңы.

³² Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі №411 Азаматтық процессуалдық кодексі.

³³ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім).

³⁴ Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 желтоқсандағы №214 Заңы.

³⁵ Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы.

біз қарастырып отырған қоғамдық қатынастар саласындағы келесі функцияларды бөліп көрсетуге болады³⁶:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдарға және басқа да құқықтық актілерге наразылық жасайды;
- 2) тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалауды жүзеге асырады;
- 3) анықтау мен тергеудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады;
- 4) әкімшілік іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады;
- 5) атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады;
- 6) заңда белгіленген тәртіппен және шектерде тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;
- 7) заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіреді³⁷.

Әлеуметтік қорғаушылар әкімшілік, сотқа дейінгі және соттық өндірістің барлық сатысында құқық қорғау органдарында арыз беруден бастап істі қозғауға дейін өкілдік етуді жүзеге асырады. Әлеуметтік қорғаушының қызметтері жеке өзі немесе маман арқылы қызмет көрсетуді көздейді: әкімшілік немесе қылмыстық істе сот үкім шығарғанға дейін.

- әкімшілік немесе қылмыстық іс жүргізу өндірісін қозғау туралы арызды дайындау және беру;
- құқық қорғау органдарының талабы бойынша ұсынылуға тиісті құжаттарды ресімдеу бойынша консультациялар беру;
- тергеуге дейінгі тексеруді және құқық қорғау органдары жүргізетін әкімшілік іс жүргізу әрекеттерінің өндірісін сүйемелдеу;
- тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары құқықтарының орындалуын бақылауды қамтамасыз ету және құқық қорғау органдары тексерулер мен өзге де іс-әрекеттерді жүргізетін кезде оны білікті қорғау;
- құжаттардың өтуін бақылау, болжамды ұстауларға қарсы әрекет ету, қарастыруды негізсіз тоқтату, құжаттарды қарастырудан бас тарту жағдайларын даулау;
- жоғары тұрған органдарда, прокуратурада, сотта, сонымен қатар тексерулер жүргізетін кезде құқық қорғау органдары қызметкерлерінің

әрекеттерін (әрекетсіздігін) даулау;

- әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша тергеуге дейінгі тексеру немесе өндіріс нәтижелері бойынша қабылданатын шешімдерді даулау;
- қылмыстық іс бойынша және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша өндіріс сатысында жәбірленушінің мүдделерін қорғау;
- құқық қорғау органдарына қарсылықтарды, түсіндірмелерді, арыздарды құрастыру және жолдау;
- әкімшілік өндіріс сатысында немесе қылмыстық істі алдын ала тергеу барысында құқық бұзушылықпен келтірілген зиянның орнын толтыру туралы талап арызды дайындау және беру;
- қылмыстық істі алдын ала тергеу және соттық қарастыру барысында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының мүдделерін таныту;
- заңды күшіне енген сот шешімі бойынша атқарушылық өндірісті сүйемелдеу;
- құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесу кезінде өкілдік міндеттерін құқықтық сүйемелдеу және орындау.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау органдарында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының мүдделерін таныту

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны жиі сәйкес қызметтердің кепілдік берілген (тегін) және қосымша көлемі шеңберінде денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау органдары көрсетуге тиісті арнаулы әлеуметтік қызметтерді алу саласындағы өз құқықтарын жиі біле бермейді. Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңының 13-бабы негізінде отбасы-тұрмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу және оның профилактикасы саласындағы денсаулық сақтау ұйымының құзіреті мынадай түрде белгіленген:³⁸

- 1) жәбірленушілер мен тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдарға наркологиялық, психологиялық, психиатриялық емдеу-профилактикалық көмегін көрсетеді және оларға медициналық оңалтуды жүргізеді;
- 2) жәбірленушілердің жәрдем сұрауы және

³⁶ Прокуратура туралы. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы заңы. №2709. Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің ведомосттері. 1995. №24, 156-б.

³⁷ Ж.К.Асанов, С.В.Корнейчук. Прокуратура органдарының тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуы мен профилактикасы жөніндегі практикум. Оқу-тәжірибелік жәрдемқұрал. Алматы, 2014. 240-б.

³⁸ Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 желтоқсандағы №214 Заңы.

оларға медициналық көмек көрсету фактілері туралы ішкі істер органдарына хабарлайды;

- 3) алкоголизмнің, нашақорлықтың, уытқұмарлықтың алдын алу жөніндегі іс-шараларды іске асырады.

2014 жылы денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау органдары қосылды, сондықтан әлеуметтік қорғау органдарының жекелеген құзіреттері «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»³⁹ заңмен алынып тасталды. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы»⁴⁰ заңның 6-бабы негізінде әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соқтырған қатыгездік болып жасалған әрекеттерге байланысты қылмыстық өндірісті қозғау фактісінің болуына тәуелсіз тұрмыстық зорлық зомбылықпен байланысты әрекеттер табылады.

Әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы» бұйрығында қарастырылған⁴¹.

Бұл бұйрықта төрт стандарт бекітілген:

- 1) *Халықты әлеуметтік қорғау саласында стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты;*
- 2) *Халықты әлеуметтік қорғау саласында жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты;*
- 3) *Халықты әлеуметтік қорғау саласында үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты;*
- 4) *Халықты әлеуметтік қорғау саласында уақытша болу жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты бекітілсін.*

Бірақ бұл стандарттарда тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қиын өмірлік жағдайға тап болған тұлғалар санаты қарастырылмаған. Қазіргі уақытта қызметтерді алушылар болып мыналар табылады:

- 1) психоневрологиялық ауытқулары бар мүгедек балалар;

- 2) тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балалар;
- 3) психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектер;
- 4) бірінші және екінші топтағы мүгедектер;
- 5) егде жасына байланысты өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдар.

Адамды (отбасын) қиын өмірлік жағдайға тап болды деп мойындайтын негіздемелер болып әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соқтырған қатыгездік табылады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық кезінде әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соқтырған қатыгездіктің бар-жоғын бағалайтын кезде әлеуметтік қорғаушы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрін, тұрмыстық жәбірлеушінің нақты іс-әрекеттерін, жәбірленушіге келтірілген зиянның зардаптары мен мөлшерін анықтап алуы тиіс.

Бұдан әрі Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерін бекіту туралы бірлескен бұйрығына 1-Қосымшаны пайдалана отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылық кезінде қатігездікпен қараудың бар-жоғын бағалауға арналған шекті көрсеткіштерді анықтау керек (2-қосымшаны қара).

*Егер блоктардың бірі бойынша балдардың қосындысы 5 және одан жоғары балды құраса, адам тұрмыстық зорлық-зомбылықпен байланысты әрекеттердің нәтижесінде қатыгез қараудан зардап шеккен деп танылады.*⁴²

Әлеуметтік қорғаушы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына консультация берген кезде Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңының 12-бабында белгіленген құқықтар мен міндеттерді түсіндіруі тиіс.

Өмірлік қиын жағдайда жүрген адамның (отбасының):

- 1) арнаулы әлеуметтік қызметтердің көрсетілуіне өтініш білдіруге;
- 2) өзінің құқықтары, міндеттері мен арнаулы әлеуметтік қызметтердің көрсетілу шарттары

³⁹ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 29 қыркүйектегі №239 заңы.

⁴⁰ Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №114 заңы.

⁴¹ Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы №165 бұйрығы.

⁴² Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 630, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 26 қыркүйектегі № 399 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 240 бірлескен бұйрығы.

- туралы ақпарат алуға;
- 3) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікке бағалау жүргізуге және оны айқындауға қатысуға;
 - 4) ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарындағы кәметке толмағандарды қоспағанда, арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін және (немесе) ақылы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерді таңдауға;
 - 5) арнаулы әлеуметтік қызметтерді алуға немесе олардан бас тартуға;
 - 6) лауазымды адамдардың, сондай-ақ арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілердің іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;
 - 7) лауазымды адамдарға немесе арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерге мәлім болған жеке сипаттағы ақпараттың құпиялылығына құқығы бар.

Өмірлік қиын жағдайда жүрген адам (отбасы):

- 1) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті айқындау және оларды көрсету туралы шешім қабылдау үшін толық және дұрыс ақпарат беруге;
- 2) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікке бағалау жүргізу және оны айқындау процесіне кедергі келтірмеуге;
- 3) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерді осы қызметтерді көрсетуге әсер ететін мән-жайлардың өзгергені туралы уақтылы хабардар етуге міндетті.

Өмірлік қиын жағдайда жүрген адам (отбасы) тұратын жері бойынша (арнаулы әлеуметтік қызметтердің көрсетілуіне):

- 1) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген және (немесе) кепілдік берілген көлемнен тыс көрсетілетін қосымша көлеміне;
- 2) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерге ақылы қызметтерге;
- 3) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қарау салдарынан өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға (отбасыларға) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынатын субъектілерге, сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбірленушілерге көмек көрсететін субъектілерге арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген және (немесе) кепілдік берілген көлемнен тыс көрсетілетін қосымша көлеміне жазбаша өтініш беру арқылы жүгінеді.

Өмірлік қиын жағдайда жүрген адамның (отбасының) мүддесі үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету

туралы өтінішті адамның (отбасының) өз бетінше оны бере алмау себебін көрсете отырып:

- 1) отбасының ересек мүшелерінің біреуі;
- 2) қамқоршысы (қорғаншысы);
- 3) кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі;
- 4) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сенімхаты бар адам;
- 5) баспанасыздық салдарынан өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамға) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынатын субъект;
- 6) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылған көмек көрсету жөніндегі ұйым бере алады.

Арнаулы қызметтерді көрсету тетігі мынадай:

- 1) Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген және кепілдік берілген көлемнен тыс көрсетілетін қосымша көлемдерін ұсыну бюджет қаражаты есебінен көрсетілген жағдайда олар аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының шешімі негізінде жүзеге асырылады;
- 2) Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаждықты бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік жұмыскердің қорытындысын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) бюджет қаражаты есебінен арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну туралы шешім қабылдайды;
- 3) Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қарау салдарынан өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну туралы шешім қабылдағанға дейін осы адам (отбасы) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынатын немесе тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбірленушілерге көмек көрсететін субъектілерде, олар бюджет қаражаты есебінен ұсынылған (көрсетілген) жағдайда тұра алады;
- 4) Бюджет қаражаты есебінен арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынудан бас тартылған жағдайда аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бас тарту

себебін көрсете отырып, өтініш берушіні жаз-
баша хабардар етеді және арнаулы әлеуметтік
көрсетілетін қызметтерге мұқтаждықты
бағалауды жүргізу және оны айқындау үшін
ұсынылған құжаттарды қайтарады;

- 5) бюджет қаражаты есебінен арнаулы әлеуметтік
қызметтер көрсетуді арнаулы әлеуметтік
қызметтер көрсететін субъектілер оларды
көрсету туралы шешім қабылданған күннен ба-
стап жүзеге асырады;
- 6) Ақылы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету
өмірлік қиын жағдайда жүрген адам (отбасы)
және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін
субъектілер жасасқан шартқа сәйкес жүзеге
асырылады;
- 7) Баспанасыздық, әлеуметтік бейімсіздікке
және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан
қатыгездікпен қарау салдарынан өмірлік қиын
жағдайда жүрген адамға (отбасына) (белгілі
бір тұрғылықты жері жоқ адамға) арнаулы
әлеуметтік көрсетілетін қызметтер тұратын
жеріне қарамастан ұсынылады.

ҚР «Арнаулы қызметтер туралы» заңның 16-
бабы негізінде әлеуметтік қызметкердің арнау-
лы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын
сақтаған жағдайда, арнаулы әлеуметтік қызметтер
көрсету саласындағы қызметті ұйымдастырудың
әдістері мен нысандарын еркін таңдауға құқылы.

Арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау
мен айқындауды жүзеге асыратын әлеуметтік
қызметкер⁴³:

- 1) жергілікті атқарушы органдардан қажетті
ақпаратты сұратуға және алуға;
- 2) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікке
бағалау жүргізу және оны айқындау үшін
қажетті мамандарды тартуға құқылы.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының
мүдделерін танытатын кезде әлеуметтік қызмет:

- 1) өзінің кәсіби құзыреті саласында тиісті
теориялық және практикалық білімді
меңгеруге;
- 2) көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің
сапасын қамтамасыз етуге;
- 3) өмірлік қиын жағдайда жүрген адам (отбасы)
туралы құпия ақпаратты жария етпеуге;
- 4) өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасы-
на) қатысты кемсітушілікке жол бермеуге;
- 5) өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасы-
на) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудегі
қажеттілікке сапалы бағалау жүргізуге және
оны айқындауға міндетті.

Әлеуметтік қорғаушының білім беру мекемелерінің әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандарымен өзара әрекеттесуі

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуда
білім беру мекемесінің әлеуметтік жұмыс жөніндегі
маманы маңызды рөл атқарады. Оның тікелей
міндеттеріне нашар отбасыларын анықтау, нашар
отбасынан шыққан мүшелерді әлеуметтік бақылау,
қажет болған жағдайды істі құқық органдарына және
қамқоршылық органдарына беру кіреді. Әлеуметтік
қорғаушы мен әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман
тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек
көрсететін түрлі құрылымдардың арасындағы негізгі
фигуралар және байланыстырғыш буын болып та-
былады. Әлемдік тәжірибе тұрмыстық зорлық-
зомбылық құрбанына кәсіби көмек көрсете оты-
рып, олардың медицина мен денсаулық сақтау
саласындағы теориялық және тәжірибелік білімнің
белгілі бір жиынтығын меңгеруі тиіс екенін растап
отыр.

Әлеуметтік қорғаушы мен әлеуметтік жұмыс
жөніндегі маманның қызметі кемінде осы мәселеге
араласудың үш түрлі ұстанымымен сипатталады.

- Тәрбиелік ұстаным әлеуметтік қорғаушыға ұстаз,
консультант, сарапшы рөлінде сөйлеуге, кеңестер
беріп, оқытуға мүмкіндік береді.
- Делдалдық ұстаным осы мәселені еңсеру жо-
лында көмекші, жақтаушы немесе делдал рөлін
қарастырады. Бұл ретте әлеуметтік қорғаушы
барлық жағдайды түсіндіріп, ішкі қорын
жинақтауға көмектесуі мүмкін.
- Адвокаттық ұстаным әлеуметтік жұмыс жөніндегі
маман нақты клиенттің атынан қорғаушының
рөлдік міндеттерін атқарған жағдайда
қолданылады. Ол жағдайды түсіндіруде,
дәйектерді, құжат арқылы негізделген айыптау-
ларды іріктеуге көмектеседі.

Білім беру органдары тұрмыстық зорлық-
зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік
қызметтерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің
№262 қаулысымен бекітілген стандарт бойынша
Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік
қызметтер туралы» заңының негізінде көрсетілуі
тиіс. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету
қарастырылған тұлғалардың жеті санаты әлеуметтік
бейімсіздендіру мен әлеуметтік депривацияға алып
келген қатігездікпен қарау құрбандарына айналған
балаларға арналған⁴⁴.

⁴³ Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №114 заңы.

⁴⁴ Білім беру саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 262 қаулысы.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілетін субъектілерге мыналар жатады:

1) тұратын орнын ұсына отырып, азаматтардың белгілі бір санаттарының білім алуға, тәрбиеленуге құқықтарының мемлекеттік кепілдіктерін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары:

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған интернаттық мекемелер;
- девиантты мінез-құлықты балаларға арналған интернаттық мекемелер;
- мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған стационарлар;
- әртүрлі бейіндегі балалардың сауықтыру орталықтары;

2) азаматтардың белгілі бір санаттарының білім алуға, тәрбиеленуге құқықтарының мемлекеттік кепілдіктерін қамтамасыз ететін күндіз болатын ұйымдар:

- оңалту орталықтары;
- психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар;
- мектепке дейінгі және мектептік арнаулы ұйымдар; жалпы дамыту және түзету сипатындағы функцияларды қатар атқаратын мектепке дейінгі және мектептік аралас ұйымдар;
- мүмкіндігі шектеулі және қалыпты дамып келе жатқан балаларды бірге тәрбиелеуге арналған мектепке дейінгі және мектептік инклюзивтік ұйымдар;
- күндіз болатын қызметтер/бөлімдер (күндіз қызмет көрсететін орталықтар, оңалту орталықтары, отбасы мен баланы қолдау, ерте араласу қызметтері, дағдарыс орталықтары);
- 3) қабылдаушы отбасылар: патронаттық отбасы, қамқоршылар мен қорғаншылар жатады.
- Аталған тізбе толық болып табылмайды.

Жергілікті атқарушы органдардың арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын ұйымдарға жіберу туралы шешімі мынадай құжаттарды қоса бере отырып, ұйымға белгілеу үшін негіз болып табылады:

- 1) туу туралы куәлік (жеке куәлік);
- 2) денсаулық жағдайы мен екпелері туралы медициналық құжаттар;
- 3) білім туралы құжаттар (мектеп жасындағы балалар үшін);
- 4) баланың өмір сүру жағдайын тексеру актісі;
- 5) ата-анасы туралы мәліметтер (ата-анасының қайтыс болғаны туралы куәліктердің көшірмелері, соттың шешімі (ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру немесе шектеу, ата-аналарды хабар-ошарсыз кеткен деп тану, қайтыс болған деп жариялау немесе әрекетке

қабілетсіз (әрекет қабілеті шектелуі) деп тану), ата-анасының ауруы туралы анықтама, ата-аналарды іздестіру туралы анықтама және ата-анасының жоқтығын немесе олардың өз балаларын тәрбиелеуге мүмкіндігі жоқтығын растайтын басқа да құжаттар) қамтылған құжаттар;

- 6) аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің (қарындас-тарының) және басқа да жақын туыстарының бар болуы және олардың тұратын жері туралы анықтама;
- 7) ата-анасы қайтыс болғаннан кейін қалған мүліктердің тізімдемесі, оның сақталуына жауапты адамдар туралы мәліметтер;
- 8) кәмелетке толмағандарға тұрғын үй алаңын бекіту туралы құжаттар;
- 9) әлеуметтік жәрдемақы алатын баланың атына дербес шоттың ашылуы туралы шарттың көшірмесі, алимент өндіріп алу туралы сот шешімінің көшірмесі (балаға оларды ата-анасының бірі немесе оны алмастыратын адам алатын кезде).

Тұрмыстық зорлық-зомбылық жиі жасырын сипатқа ие болуы мүмкін. Жәбірлеуші ғана емес, құрбан да «үйдегі ыдыс-аяқтың сыңғырын» ешкімге естіртпеуге тырысады, бұл кейде ұялудан, қорқыныштан, дәрменсіздіктен, жақсы жағына қарай өзгертудің мүмкін еместігінен, ал кейде жәй ғана сауатсыздықтан болады. Соңғысы үйдегі балаларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайына әсіресе тән болып табылады. Сондықтан үйдегі зорлық-зомбылық жағдайлары мен себептерін анықтау және «сценарийді» өзгертуге қатысты белсенді ұстанымды қалыптастыру мәселесі – бұл әлеуметтік жұмыс жүргізетін мамандардың күрделі әрі маңызды кәсіби мәселесі болып табылады және жоғары біліктілік деңгейін, байланыс орнату білу, қауіпсіздік пен сенім ұяталатын жағдайды қалыптастыру дағдысын талап етеді.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанымен бірге шешуге қажетті белгілі бір стратегиялық міндеттер бар. Бұл сенім мен рөлдердің белгілі нысандағы анықтамасы, бұл зорлық-зомбылық құрбанында және әлеуметтік қорғаушыда әртүрлі болуы мүмкін. Бұл әрекетті жасамаған жағдайда түңілу, өзара қанағатсыздық, мәселені шешудің мүмкін еместігі және т.б. жағдайлар туындауы мүмкін. Зорлық-зомбылық жағдайындағы құрбанның рөлі, оның жасы, жынысы, жеке қасиеттері – бұл әртүрлі болып көрінуі мүмкін. Бірақ қалай болғанда да осы үдерістің әрбір сатысында:

- баламен бірге күтілетін нәтижелерді анықтап алу керек, өйткені олардың түсініктері сәйкес келмеуі мүмкін;
- өзара міндеттемелерді анықтап алу керек (құрбанның өз әрекеттері туралы да, сондай-

ақ әлеуметтік қорғаушының тарапынан жасалатын әрекеттер туралы да нақты түсінігі болуы тиіс);

- әрбір сатыда мәселені бірігіп анықтап алу керек. Бала сол жағдайдың ішінде болғандықтан оған жағдайды объективті түрде бағалау өте қиын, мысалы, белгілерді себеп ретінде қабылдай алмайды, өз мүдделерін өз ұстанымымен араластыра отырып, олардың аражігін ажырата алмайды. Әлеуметтік қорғаушыға мәселенің мән жайы туралы өз қорытындысын жасап, оны тұжырымдауда баламен бір ымыраға келуі тиіс.

Баланың жасына, жетілу деңгейіне, эмоционалдық тұрғыда дайындығына және көптеген өзге факторларға байланысты әлеуметтік қорғаушылар құрбанның мәселесін шешуге қатысты түрлі ұстанымдарды жүзеге асырып, түрлі рөлдерді атқара алады:

- 1) қамқоршы, оның міндеті – баланы өзінің әрекеттері мен кеңестеріне сенуге көндіру;
- 2) сарапшы, зорлық-зомбылық құрбанына қарағанда анағұрлым құзіретті, бірақ мәселенің шешіміне қатысуға жол беретін тұлға;
- 3) нұсқаушы мен оқытушы, баланы нені қалай істеу керектігіне үйретеді және өз бақылауымен оның өзіне де қандай да бір әрекеттерді жасауға мүмкіндік береді;
- 4) түрлі мәселелерді шешудегі көмекші, ол әртүрлі қажетті қолдау түрлерін көрсетеді;
- 5) тең деңгейде балама шешімдерді табу мен түрлендіру жөніндегі қызметкер;
- 6) қайдан және қалай қадағалауға болатынын ұсынатын және оларды табуға көмек көрсететін көмекші;

Тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайының ересек қатысушыларымен жұмыс істей отырып, әлеуметтік қорғаушы мен әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман балалармен салыстырғанда ересектерді оқыту ерекшеліктерін ескеруі тиіс. Отбасы, жынысы, әлеуметтік-экономикалық деңгейі, жеке ерекшеліктері оқыту нәтижелеріне елеулі түрде әсер ететін болғандықтан үйдегі зорлық-зомбылықтың экстремалды жағдайындағы көптеген ерекшеліктер білім беру саласына салған күштің тиімділігіне қарсы әрекет етуі мүмкін.

Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияда тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының мүдделерін таныту

Әлеуметтік қорғаушы өзінің қызметінде кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның мүмкіндіктерін пайдалана алады (бұдан әрі-КТИҚҚ), оларға келесі уәкілеттіктер берілген:

- 1) кәмелетке толмағандардың арасында тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы мәселелеріне қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектілерімен өзара әрекеттеседі;
- 2) кәмелетке толмағандардың арасында тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасына бағытталған ұйымдастырушылық-тәжірибелік шаралардың қолданылуы туралы жергілікті атқарушы органдарға ұсыныстар енгізеді;
- 3) көмек көрсететін ұйымдармен бірлесіп тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы және тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен кәмелеттік жасқа толмағандарды оңалту жөніндегі шараларды ұйымдастырып, өткізеді⁴⁵.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы №789 қаулысымен бекітілген Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі ережеге сәйкес комиссияның құрамына сәйкес мәслихаттардың депутаттары, ішкі істер, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, әділет органдарының, жұмыспен қамту, қамқорлық және қамқоршылық мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар, панасыздық пен қаңғыбастық профилактикасына мүдделі қоғамдық және өзге ұйымдардың өкілдері кіреді. Яғни, әлеуметтік қорғаушы, көмек көрсету жөніндегі ұйымның өкілі ретінде тиісті уәкілеттіктер берілген осы комиссияның мүшесі болып табылады:⁴⁶

- өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайда орналасқан, өмірде қиын жағдайға душар болған;
- білім беру ұйымдарына ұзақ уақыт қатыспаған, мемлекет көмегіне мұқтаж жасөспірімдерді анықтайды;

⁴⁵ Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы. ҚР 2009 жылғы 9 желтоқсандағы №214 заңы.

⁴⁶ Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы №789 қаулысы.

- кәмелетке толмағандарды орналастыру туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешімдердің орындалуын бақылайды;
- кәмелетке толмағандарды орналастыру туралы шешімді білім беру, ішкі істер, денсаулық сақтау органдарына, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жібереді, олар өз кезегінде екі апта мерзімде қабылданған шаралар туралы комиссияға хабарлауға міндетті;
- Қажет болған жағдайларда КТІҚҚК кәмелетке толмағанға қорғаншылық немесе қамқорлық белгілеу үшін комиссия тиісті қорғаншылық және қамқорлық органына өтініш білдіреді.

КТІҚҚК балаларды тәрбиелеу мен оқыту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын немесе олардың қалыпты физикалық және парасатты тұрғыда дамуына теріс әсер ететін ата-аналарға немесе кәмелеттік жасқа толмағандардың басқа да заңды өкілдеріне қоғамдық әсер ету шарасын қолдану уәкілеттігі берілген. Аталмыш шаралар болып мыналар табылады:

- кәмелеттік жасқа толмаған тұлғаға келтірілген материалдық залалды өндіріп алу туралы сот алдында өтініш жасау;
- кәмелеттік жасқа толмаған адамның өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда қамқорлық және қамқоршылық органына ата-анасынан немесе сол балаға қамқорлық жасауға тиісті болған өзге заңды өкілдерден кәмелеттік жасқа толмаған тұлғаны алып қою туралы өтінішпен жүгіну;
- қамқоршыны немесе қамқорлық көрсететін тұлғаны өз міндеттерін орындаудан шеттету туралы, баланы оның тәрбиесіне беру туралы шартты бұзу туралы немесе баланы асырап алудың күшін сот тәртібімен тоқтату туралы өтініш білдіру;
- ата-ана құқығын шектеу немесе оларға Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге шараларды қолдану туралы өтінішпен сотқа жүгіну.

КТІҚҚК отырыстары қажеттілігіне орай, бірақ айына ең көбі екі рет өткізіледі және әдетте ашық болып табылады. Кәмелеттік жасқа толмаған тұлға туралы ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз ету мақсатында оның ата-анасы немесе өзге заңды өкілдері, комиссия, қарастырылып отырған материалдардың сипатын ескере отырып, іске қатысатын тұлғалардың өтініші бойынша жабық отырысты өткізу туралы дәйекті қаулыны қабылдай алады. Қажет болған жағдайда комиссия істері қарастырылу үстіндегі тұлғалардың оқу, жұмыс орны немесе тұрғылықты жері бойынша барып, сол жерде отырыс өткізе алады. Материалдарды қарастыру барысында қылмыстарды, құқық бұзушылықтарды, қоғамға қарсы әрекеттерді жасауға және кәмелеттік жасқа толмағандардың панасыздығына ықпал


ететін себептер мен жағдайлар анықталатын болса, комиссия мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдары мен органдарына (олардың ұйымдастыру-құқықтық нысанына тәуелсіз) оларды жою туралы сәйкес ұсыныс енгізеді. Осы бөлімде көрсетілген органдар мен ұйымдардың лауазымды тұлғалары комиссияның ұсынысын алған күннен бастап бір айдың ішінде оны қарастырып, кәмелеттік жасқа толмағандардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін жою жөнінде қабылданған шаралар туралы сәйкес комиссияға хабарлауға міндетті. Кәмелеттік жасқа толмағандардың құқық бұзушылықтарды жасауына ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою бойынша қолданылған шаралар туралы хабарламау Қазақстан Республикасының әкімшілік заңнамасында қарастырылған жауапкершілікке алып келеді.

Ұсыныс мынадай міндетті элементтерді қамтуы тиіс:

- 1) лауазымды тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің тегі, аты-жөнінің бас әріптері және мекенжайы;
- 2) құқық бұзушылықтың қысқаша фабуласы;
- 3) құқық бұзушылықты жасауға итермелеген жағдайлар;
- 4) құқық бұзушылықты жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға қажетті қорытындылар мен ұсынылатын іс-шаралар;
- 5) ұйымдастырушылық және профилактикалық іс-шараларды өткізу үшін ұсынылатын мерзімдер;
- 6) ұсынысты орындау нәтижелерін жіберуге қажетті тұлғаның тегі, аты-жөнінің бюас әріптері және мекенжайы;
- 7) лауазымды тұлғаға немесе заңды тұлғаның өкіліне әкімшілік құқық бұзушылықты жасау себептері мен жағдайлары туралы ұсынысты орындамағаны үшін заңдық жауапкершілік туралы ескерту.

ҚР ӘҚБтК 826-бабының 2-бөлімінде былай делінген: «Ұйымдардың басшылары және басқа да лауазымды адамдар жекеше қаулы мен ұсынуды алған күннен бастап бір ай ішінде қарауға және қолданған шаралар туралы жекеше қаулы шығарған судьяға немесе ұсыну енгізген органға (лауазымды адамға) хабарлауға міндетті».⁴⁷ Құқық бұзушылық субъектісі КТІҚҚК ұсынысын себепсіз жағдайлармен елемейтін болса, ІІБ лауазымды тұлғасына қарсы ҚРӘҚТК 804-бабы негізінде ҚРӘҚТК «Құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы хабарламау» 479-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы өндірісті қозғауы тиіс. ҚРӘҚТК 684-бабы негізінде ҚРӘҚТК 479-бабы бойынша шешімді мамандандырылған аудандық және соған теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары қабылдайды.

⁴⁷ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі. 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ.




Қорытынды

Авторлардың пікірі бойынша, осы жәрдемқұралдың мазмұны тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдыналу мен оның профилактикасының заманауи тәжірибесін қалыптастыру жағдайында маңызды теориялық-құқықтық және оқу-тәжірибелік мәнге ғана ие болуы тиіс. Бұндай пайымдау тұрмыстағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы саласындағы көп жылдық тәжірибеге негізделеді, ол Қазақстан Республикасының Үкіметі мен БҰҰ агенттіктерінің «Маңғыстау және Қызылорда облыстарының тұрақты даму мен әлеуметтік-экономикалық модернизацияға қол жеткізу мүмкіндіктерін кеңейту» жөніндегі бірлескен бағдарламасы аясындағы соңғы екі жылдағы (2015-2016ж) жобалық қызметтердің ғылыми-зерттеу өңдемелерінің нәтижелерімен бекітілген. Тұрмыс саласындағы әлеуметтік қорғау мәселесі дәстүрлі түрде белгілі бір қиындықтармен сабақтас болып келеді, өйткені бұл институт Кепілді және қосымша қызмет көлемін көрсету стандарттары арқылы жүзеге асырылатын тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтерді құратын барлық институттармен байланысты (күрделілігі жағынан кем түспейтін).

Жәрдемқұралда авторлар Қазақстанда алғаш рет әлеуметтік қорғаушының ұғымы мен құқықтық жағдайын тұжырымдады. Әлеуметтік қорғаушы көмек көрсету жөніндегі ұйым қызметкерінің тұлғасында арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетумен байланысты бүкіл жұмысты үйлестіруші ретінде таныстырылады. Ол қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасы мүшелері мен тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі барлық ведомстваралық өзара әрекеттесуге қатысушылардың арасындағы байланыстырғыш буын болып табылады. Авторлар Қазақстанда қарастырылып отырған мәселелер

диапазонында белгілі бір жұмыс тәжірибесінің қалыптасқанымен, әлі күнге дейін бір жүйеге келтіріліп, жалпыланбағанын ескерді. Осыған байланысты ұсынылып отырған жәрдемқұралда әлеуметтік қорғаушылардың тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету ұғымы мен нысандары туралы материал бір ретке келтірілген; әлеуметтік көмектің көлемдері, тегін (кепілді) және қосымша арнаулы әлеуметтік қызметтерді алуға құқығы бар тұлғалар, сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің өзара ведомстваралық әрекеттесуі туралы сұрақтарға жауап берілді. Жеке бөлімдерде әлеуметтік қорғаушының соттарда, құқық қорғау органдарында (ІІБ мен прокуратура), сонымен қатар білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік даму органдарында отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы заңсыз әрекеттерге байланысты қиын өмірлік жағдайда тап болған тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша өкілдік етуді жүзеге асыру жөніндегі материалдың жариялануы да маңызды болып табылады.

Глоссарий ұлттық заңдардың, кодталған заңнаманың және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің негізгі ережелері бойынша құрастырылған. Онда әлеуметтік қорғаушылардың қызметінде қолданылуы тиіс түсініктемелері бар отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы тар мамандықты терминдердің негізгі ұғымдары берілген. Қосымшада әлеуметтік қорғаушының үлгілік лауазымдық нұсқаулығы құрастырылған, онда осы лауазымға қойылатын біліктілік талаптары, аттестация тәртібі, құқықтық жағдайы және лауазымдық міндеттерін тиісті түрде орындамағаны үшін заңдық жауапкершілік тұжырымдалған.



Глоссарий⁴⁸

1. Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қарау – жасалған әрекеттерге катысты қылмыстық іс жүргізуді қозғау фактісінің бар-жоғына қарамастан, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, адам саудасына, оның ішінде кәмелетке толмағандар саудасына, оларды пайдаланудың өзге де түрлеріне байланысты әрекеттер, сондай-ақ адам ұрлау.
2. Зардап шегуші – оған қатысты әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың нысанына қарамастан, ол жасалған жеке адам.
3. Әлеуметтік бейімсіздік - жеке адамның әлеуметтік ортамен өзара байланысының бұзылуы.
4. Әлеуметтік депривация - адамның (отбасының) негізгі өмірлік қажеттіліктерін өз бетінше қанағаттандыру мүмкіндігін шектеу және (немесе) одан айрылу.
5. Адам саудасы – адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау ии.
6. Адамды қанау – бұл:
 - Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кінәлі адамның мәжбүрлі еңбекті, яғни адам оны орындау үшін өз қызметтерін ерікті түрде ұсынбаған, осы адамнан күш қолдану немесе оны қолдану қатерін төндіру арқылы талап етілетін кез келген жұмысты немесе қызметті пайдалануы;
 - кінәлі адамның алынған табыстарды иемденіп алу мақсатында басқа адамның жезөкшелікпен айналысуын немесе ол көрсететін өзге де қызметтерді пайдалануы, сол сияқты кінәлі адамның осы мақсатты көздемей, адамды сексуалдық сипаттағы қызметтер көрсетуге мәжбүрлеуі;
 - адамды қайыршылықпен айналысуға, яғни басқа адамдардан ақша және (немесе) өзге мүлікті сұрауға байланысты қоғамға жат іс-әрекет жасауға мәжбүрлеу;
 - кінәлі адам және (немесе) басқа адам үшін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді орындаудан өзіне байланысты емес себептер бойынша бас тарта алмайтын адамға қатысты меншік иесінің өкілеттіктерін кінәлі адамның жүзеге асыруына байланысты өзге де әрекеттер.
7. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбірленуші- өзіне қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықпен моральдық зардап, дене зардабы және (немесе) мүліктік зиян келтірілді деп ұйғаруға негіз бар жеке адам.
8. Көмекті ұйымдастыру жөніндегі ұйымдар – Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 желтоқсандағы «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңына жәбірленушілерге арнаулы әлеуметтік қызметтер және (немесе) көмек көрсетуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар.

⁴⁸ Глоссарий ұлттық заңдардың, кодалған заңнаманың және Қазақстан Республикасының заңдардан туындайтын актілерінің негізгі ережелері бойынша құрастырылған.

9. Отбасы-тұрмыстық қатынастар – ерлі-зайыптылар, бұрынғы ерлі-зайыптылар, бірге тұратын немесе бірге тұрған адамдар, жақын туыстар, ортақ баласы (балалары) бар адамдар арасындағы қатынастар.
10. Тұрмыстық зорлық-зомбылық - отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға (басқаларға) қатысты дене зардабын және (немесе) психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі).
11. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы - тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектілері жүзеге асыратын, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және жолын кесуге, сондай-ақ оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар кешені.
12. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектілері - тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар және Қазақстан Республикасының азаматтары.
13. Денсаулыққа ауыр зиян – адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті зиян не денсаулыққа: көру, сөйлеу, есту қабілетінен немесе қандай да бір ағзадан айырылуға; ағзаның өз функцияларын жоғалтуына; бет-әлпетінің қалпына келмейтіндей бұзылуына; жалпы еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін айтарлықтай тұрақты түрде жоғалтумен ұласқан денсаулықтың бұзылуына; кәсіби еңбек қабілетін толық жоғалтуға; жүктілікті үзуге; психиканың бұзылуына; нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауыруға әкеп соққан өзге де зиян (ҚР ҚК 3-бабы).
14. Денсаулыққа ауырлығы орташа зиян – адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті емес, денсаулықтың ұзақ уақыт (жиырма бір күннен астам мерзімге) бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін (үштен бір бөлігінен кем) тұрақты түрде айтарлықтай жоғалтуға әкеп соққан зиян (ҚР ҚК 3-бабы).
15. Денсаулыққа жеңіл зиян – денсаулықтың қысқа мерзімге (жиырма бір күннен аспайтын мерзімге) бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін (оннан бір бөлігінен кем) тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан адамның денсаулығына келтірілген зиян (ҚР ҚК 3-бабы).
16. Елеулі зиян – осы Кодексте көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгісі ретінде көрсетілмеген жағдайлардағы мынадай зардаптар:
 - 1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын мен бостандықтарын, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін бұзу;
 - 2) айтарлықтай залал келтіру; жәбірленуші адамда өмірлік қиын жағдайдың туындауы (ҚР ҚК 3-бабы).
17. Ауыр зардаптар – осы Кодексте көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгісі ретінде көрсетілмеген жағдайлардағы мынадай зардаптар:
 - 1) адам өлімі;
 - 2) екі немесе одан да көп адамның өлімі;
 - 3) жәбірленушінің немесе оның жақынының (жақындарының) өзін-өзі өлтіруі;
 - 4) денсаулыққа ауыр зиян келтіру; екі немесе одан да көп адамның денсаулығына ауыр зиян келтіру;
 - 5) адамдардың жаппай сырқаттануы, ауру жұқтыруы, сәулеленуі немесе улануы;
 - 6) адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіру;
 - 7) қаламаған жүктіліктің болуы;
 - 8) ірі немесе аса ірі залал келтіру;
 - 9) келтірілген зиянның ауырлығын күәландыратын өзге де зардаптар (ҚР ҚК 3-бабы).
18. Болмашы залал (болмашы мөлшер) – ҚР ҚК 202-бабында «Бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру» - айлық есептік көрсеткіштен жүз есе асатын сомаға келтірілген залал (ҚР ҚК 3-бабы).
19. Ірі көлемдегі залал (ірі мөлшер) - ҚР ҚК 204-бабында «Бөтеннің мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіру» - айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе артық мүлік құны немесе залал мөлшері (ҚР ҚК 3-бабы).
20. Аса ірі залал (аса ірі мөлшер) – ҚР ҚК 204-бабында «Бөтен мүлікті абайсызда жою немесе бүлдіру» - айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын мүлік құны немесе залал мөлшері (ҚР ҚК 3-бабы).
21. Адамды қанау - Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кінәлі адамның мәжбүрлі еңбекті, яғни адам оны орындау үшін өз қызметтерін ерікті түрде ұсынбаған, осы адамнан күш қолдану немесе оны қолдану қатерін төндіру арқылы талап етілетін кез келген жұмысты немесе қызметті пайдалануы (ҚР ҚК 3-бабы)..
22. Осы Кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады (ҚР ҚК 2-бөлімінің 10-бабы).

23. Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады (ҚР ҚК 2-бөлімінің 10-бабы).
24. Жақындауға тыйым салу жәбірленушіні және іске қатысатын өзге адамдарды қорғау мақсатында күдіктінің, айыпталушының, сотталушының оларды іздестіруін, олардың ізіне түсуін, оларға баруын, олармен телефон арқылы сөйлесуін және өзге де тәсілдермен қарым-қатынас жасауын шектеуден тұрады (ҚР ҚПК 165-бабы).

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңынан

25. Қорғаныс нұсқамасы – жеке профилактика шарасы, бұл жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында және әкімшілік немесе қылмыстық-процесуалдық ұстау өндірісі мақсатында негіздемелер болмаған кезде құқық бұзушыға қатысты қолданылатын шара (Заңның 20-бабы).
26. Құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасы болып табылады және ол әкімшілік жаза қолданумен қатар және әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам әкімшілік жауаптылықтан босатылған кезде оның орнына да қолданылады (ҚР ӘҚБТК 22 бабы және 54-бабы).

Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңы

27. Арнаулы әлеуметтік қызметтер - өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеру үшін жағдайларды қамтамасыз ететін және оның қоғам өміріне қатысуына басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған қызметтер кешені.
28. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілер - арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларда жұмыс істейтін жеке және (немесе) заңды тұлғалар.
29. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары - арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету сапасын, көлемін және шарттарын белгілейтін нормативтік құқықтық актілер.
30. Әлеуметтік қызметкер - арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін және (немесе) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындауды жүзеге асыратын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін қажетті біліктілігі бар қызметкер.
31. Әлеуметтік орта - адамның (отбасының) өмір сүруінің, қалыптасуы мен қызмет атқаруының материалдық, экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани жағдайларының жиынтығы.
32. Өмірлік қиын жағдай - адамның тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын, осы Заңда көзделген негіздер бойынша танылған ахуал.

Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 19 мамырдағы № 314-V заңы

33. Әлеуметтік құқықтар – Қазақстан Республикасының Конституциясында және заңдарында бекітілген, мемлекет кепілдік берген әлеуметтік саладағы құқықтар.
34. Әлеуметтік кепілдіктер – мемлекеттің Қазақстан Республикасының Конституциясында және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген, әлеуметтік құқықтарды іске асыруға бағытталған міндеттемелері.
35. Ең төмен әлеуметтік стандарт – әлеуметтік кепілдіктер мен әлеуметтік құқықтардың іске асырылуын қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген көрсетілетін қызметтердің, ақшалай төлемдердің және өзге де талаптардың ең аз көлемі.
36. Ең төмен әлеуметтік стандарттар жүйесі – еңбек, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, отбасы және балалар, денсаулық сақтау, мәдениет, дене шынықтыру және спорт, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету салаларындағы ең төмен әлеуметтік стандарттар жиынтығы.
37. Нормалар – ең төмен әлеуметтік стандарттарды қамтамасыз етуге қойылатын сандық және сапалық талаптар.
38. Нормативтер – ең төмен әлеуметтік стандарттарды қаржыландыру көлемдерін айқындау үшін пайдаланылатын шамалардың белгіленген өлшемдері.
39. Уәкілетті органдар – өз құзыреті шегінде ең төмен әлеуметтік стандарттар жүйесінде басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары.


V заңы

40. Құқықтық ақпарат беру – Қазақстан Республикасы заңнамасының мәселелері бойынша ауызша, жазбаша нысандарда, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында не көріп танысу түрінде ақпарат ұсыну арқылы белгіленбеген тұлғалар тобына көрсетілетін, мемлекет кепілдік берген заң көмегінің түрі.
41. Құқықтық консультация беру – мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға ауызша және жазбаша консультациялар нысанында, оның ішінде арыздарды, шағымдарды, өтінішхаттарды және құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды жасау мәселесіне қатысты консультациялар нысанында көрсетілетін, мемлекет кепілдік берген заң көмегінің түрі.
42. Мемлекет кепілдік берген заң көмегі – заң көмегін алуға құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға осы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі «Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген негізде және тәртіпте тегін негізде көрсетілетін заң көмегі.
43. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін субъектілер – мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін жеке және (немесе) заңды тұлғалар.
44. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесі – заң көмегіне мемлекет кепілдік берген құқықты іске асырудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құқықтық негіздері мен тетіктері.
45. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – халыққа құқықтық көмек пен заң қызметтерін көрсету саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.




Қолданылған дереккөздерінің тізімі

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 желтоқсандағы №214 Заңы.
2. Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №114 заңы.
3. Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 630, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 26 қыркүйектегі № 399 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 240 бірлескен бұйрығы.
4. Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілді көлемінің тізімін бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 14 наурыздағы №330 қаулысы.
5. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы №2136 қаулысы.
6. Халықтық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193-IV кодексі.
7. Денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызметтерді көрсету ережелері мен талаптарын бекіту туралы. ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі №304 бұйрығы.



8. Мемлекеттік қызметтердің регламенттерін бекіту туралы. Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 10 сәуірдегі №А-4/130 қаулысы.
9. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік регламенттерді бекіту туралы. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 21 сәуірдегі №74 қаулысы.
10. Ең төменгі әлеуметтік стандарттар мен олардың кепілдіктері туралы. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 19 мамырдағы №314 заңы.
11. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы №165 бұйрығы.
12. Білім беру саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету стандартын бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 26 наурыздағы №262 қаулысы.
13. Мемлекет кепілдік берген заңдық көмек туралы. ҚР 2013 жылғы 3 шілдедегі №122 заңы.
14. Адвокаттық қызмет туралы. ҚР 1997 жылғы 5 желтоқсандағы №195 заңы.
15. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет ету мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 18 ақпандағы №175 заңы.
16. Қазақстан Республикасының ең төменгі әлеуметтік стандарттар мен олардың кепілдіктері туралы мәселелер жөніндегі кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 19 мамырдағы №315 заңы.
17. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V кодексі.
18. Мәдениет туралы. Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы №207 заңы.
19. Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық кодексі. 1999 жылғы 13 шілдедегі №411.
20. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409.
21. Қазақстан Республикасының Қылмыстық– процессуалдық кодексі. 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ.
22. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі. 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ.
23. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қаратыру тәртібі туралы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 заңы.
24. Н.С.Гладырь, Е.Э.Карстен, С.В.Корнейчук, Р.Н. Юрченко. Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңын жүзеге асыру. Адам құқықтары жөніндегі есеп. Алматы, 2011. 154-б.
25. И.И.Роговтың, С.М.Рахметовтың редакциялығындағы Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңына түсіндірмелер. Алматы: «Норма-К» баспаханасы» ЖШС. 2010. 144-б.
26. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы.
27. Прокуратура туралы. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы заңы. №2709. Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің ведомосттері. 1995. №24, 156-б.
28. Ж.К.Асанов, С.В.Корнейчук. Прокуратура органдарының тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуы мен профилактикасы жөніндегі практикум. Оқу-тәжірибелік жәрдемқұрал. Алматы, 2014. 240-б.
29. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 29 қыркүйектегі №239 заңы.
30. Кәметке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы №789 қаулысы.



Қосымшалар

1-қосымша.

«Әлеуметтік қорғаушының лауазымдық нұсқаулығы»

Әлеуметтік қорғаушының лауазымдық нұсқаулығы

(тегі, аты-жөнінің бас әріптері)

1. Жалпы ережелер

Әлеуметтік қорғаушы тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайына байланысты қиын өмірлік жағдайға тап болған тұлғалармен жұмыс бойынша көмек көрсететін ұйымның техникалық орындаушысы болып табылады. Оны лауазымға көмек көрсететін ұйым басшысы тағайындап, босатады.

Әлеуметтік қорғаушының лауазымына орта кәсіби немесе жоғары білімі (педагогикалық, экономикалық, заңгерлік, әлеуметтік және медициналық) білімі бар қызметкер тағайындалады, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды.


Өзге біліктілік талаптары мен әлеуметтік қорғаушыларды аттестациядан өткізу тәртібі Әлеуметтік қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптарын және оларды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 21 тамыздағы № 538 бұйрығында қарастырылған әлеуметтік қызметкерге қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Әлеуметтік қызметкер өз қызметінде көмек көрету ұйымының басшысына бағынады және мыналарды:

- заңнамалық, заңнан туындайтын, қоғамдық қатынастардың сәйкес саласын реттейтін ведомстволық нормативтік-құқықтық актілерді;
- қызмет мәселелеріне қатысты әдістемелік материалдарды;
- көмек көрсететін ұйымның жарғылық құжаттарын;
- көмек көрсететін ұйым басшысының бұйрықтарын;
- осы лауазымдық нұсқаулықты басшылыққа алады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсететін әлеуметтік қорғаушы мыналарды білуі тиіс:

- тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оның профилактикасы жөніндегі заңнама;
- тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетудің құқықтық негіздері;



- отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы психологиялық, күш көрсету, сексуалдық және экономикалық зорлық-зомбылық кезінде тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің алғашқы іс-әрекет алгоритмі.

2. Лауазымдық міндеттері:

- тұрмыстық зорлық-зомбылықтың кез келген түріне байланысты қиын өмірлік жағдайға тап болған тұлғаларды анықтайды;
- тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектілері көрсететін қызмет түрлері туралы ақпараттандырады;
- консультативтік-ақпараттық қызметтерді алатын кезде қолдау көрсетеді;
- тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны мен оның отбасы мүшелеріне әлеуметтік патронажды жүзеге асырады;
- өз құзіреті шегінде қажетті құжаттаманы жүргізеді.

3. Құқықтары

Әлеуметтік қорғаушы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 желтоқсандағы «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңының 15-бабының 1-бөлімінде қарастырылған көмек көрсету жөніндегі ұйымның барлық уәкілеттігін пайдаланады, сонымен қатар төмендегілерге құқылы болып табылады:

- осы лауазымдық нұсқаулықта қарастырылған жұмысты жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды енгізу;
- өз міндеттерін сапалы орындауға қажетті сәйкес құжаттармен және ақпаратпен танысу;
- белгіленген тәртіппен өз біліктілігін арттыру;
- өз басшылығынан және тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінен өз қызметтік міндеттерін орындауды талап ету.

4. Жауапкершілігі

Әлеуметтік қорғаушы төмендегілерге жауап береді:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген шекте осы лауазымдық нұсқаулықта қарастырылған лауазымдық міндеттерді орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін;
- өз қызметін жүзеге асыру барысында жасалған құқық бұзушылықтар үшін-әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамада белгіленген шекте;
- моральдық және материалдық залал келтіргені үшін-Қазасқтан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген шекте жауап береді.

Көмек көрсету жөніндегі ұйымның басшысы

«__» _____ 20__ ж. _____
(қолы) (аты-жөнінің бас әріптері, тегі)

Таныстым _____

(әлеуметтік қорғаушының қолы, аты-жөнінің бас әріптері және тегі)

2-қосымша.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық кезінде әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау кезінде балдар беру

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2014 жылғы 26 қыркүйектегі № 399, Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің
2014 жылғы 19 қарашадағы № 240, Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2014 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 630 бірлескен бұйрығы

Тұрмыстық зорлық-зомбылық кезінде әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау кезінде балдар беру

Реттік №	Тұрмыстық зорлық-зомбылық кезінде қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалауға арналған критерийлердің тізбесі	Тұрмыстық зорлық-зомбылық кезінде қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалауға арналған шекті көрсеткіштер
1	Күш көрсету зорлық-зомбылығы	
1.1	Тән ауруына ұшырататын ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттерін жасау	3 балл
1.2	Құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастағы азаматтарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй заттарына зақым келтіру және жеке тұрғын үй немесе пәтер шегінде жасалған олардың тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттер	2 балл
1.3	Ұдайы ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттері жолымен тән зардабын келтіру немесе психикалық зардап шегу	5 балл
1.4	Адамның өміріне қауіпті емес және зардаптарға әкеп соқпаған, бірақ денсаулықты ұзақ уақытқа бұзылуға әкеп соққан денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру	5 балл
1.5	Адамның өміріне қауіпті немесе көруден, тілден, естуден қандай да болсын органнан айрылуға немесе органның қызметін жоғалтуға немесе бет-әлпетінің қалпына келтіргісіз бұзылуына әкеп соққан денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, сондай-ақ өмірге қауіпті немесе еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін тұрақты түрде жоғалтуға ұштасқан немесе кінәліге мәлім кәсіби еңбек қабілетін немесе түсік тастауға, психикасын бұзуға, есірткімен немесе уытты умен ауыруға душар еткен денсаулықтың бұзылуын тудырған денсаулыққа өзге зиян келтірген қасақана ауыр зиян келтіру	5 балл

2	Психологиялық зорлық-зомбылық	
2.1	Дәрекілік, қорлау, балағаттау, қорқыту, бопсалау, ізіне түсу және адамның теріс эмоциялық реакциясы мен жан күйзелісін тудыратын басқа әрекет (әрекетсіздік)	3 балл
2.2	Адамды өзін-өзі өлтіруге жеткізу немесе жәбірленушіні қорқыту, оған қатыгездікпен қарау немесе оның адамдық қасиетін ұдайы қорлау жолымен өзін-өзі өлтіруге баруға дейін жеткізу	5 балл
2.3	Өлтіремін деп немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіремін деп, сол сияқты адамның жеке басына өзге ауыр күш көрсетемін не мүлікті өртеп құртамын деп, жарылыс жасап немесе өзге жалпы қауіпті тәсілмен қорқыту, бұл қорқытудың іске асатындығына қауіптенудің жеткілікті негіздері бар болған кезде	5 балл
3	Экономикалық зорлық-зомбылық	
3.1	Жеке басты куәландыратын, меншікке құқық белгілейтін, әрекеттер жасауға құқық беретін құжаттардан айыру	3 балл
3.2	Тіршілік қызметі үшін қажетті ақшалай қаражаттан айыру	2 балл
3.3	Тұрғын үйінен айыру	5 балл
3.4	Тіршілік қызметі үшін қажетті тамақтан айыру	4 балл
3.5	Тіршілік қызметі үшін қажетті киімнен айыру	3 балл
4	Сексуалдық зорлық-зомбылық	
4.1	Зорлау, яғни жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолданбақшы болып қорқытып не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасау	5 балл
4.2	Көрінеу он төрт жасқа толмаған адамға қатысты күш қолданусыз азғындық іс-әрекеттерді жасау	5 балл
4.3	Адамды жыныстық қатынасқа түсуге, еркек пен еркектің, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасауға мәжбүр ету	5 балл

3-қосымша

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы арыздарға қарсы әрекет ету және тұрмыстық құқық бұзушылықтардан жәбірленушілердің мүдделерін таныту бойынша әлеуметтік қорғаушыға арналған үлгілік нұсқаулықтар»

Арыздардың басым бөлігі күш көрсету және психологиялық зорлық-зомбылықтармен байланысты, олар барлық жағдайда өзара тығыз байланысты болып келеді, өйткені күш көрсету зорлық-зомбылығының алдында үнемі эмоционалдық қысым («қорқыту») жүреді. Арыздардың шамамен 10% сексуалдық және экономикалық тұрмыстық зорлық-зомбылықпен байланысты жағдайларға келеді, олар үнемі тұрмыстағы психологиялық және күш көрсету зорлық-зомбылығымен байланысты болып келеді.

Психологиялық зорлық-зомбылық

Күйеуі ұдайы әйелін балағаттап, былапат сөздерді пайдаланады, оның адами ар-ожданын қорлайды, жақын туыстарының орынсыз жер жебіріне жетіп, балағаттайды, отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы парасаттылық пен мораль нормаларын көрнекі түрде бұзады, күш көрсетумен қорқытады. Кейде бұндай іс-әрекеттер кәмелеттік жасқа толмағандардың көз алдында болады.

Әлеуметтік қорғаушы:

- жағдайды, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрін, әйел мен кәмелеттік жасқа толмаған балалардың психологиялық жәй-күйін бағалауы тиіс;
- ІІБ-не өтініш білдіруді ұсынады, атап айтқанда ҚР ӘҚБтК «Отбасы-тұрмыстық құқық бұзушылықтар саласындағы заңсыз әрекеттер» 73-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы өндірісті қозғау үшін ІІБ-не, атап айтқанда, ІІБ кезекші бөліміне немесе учаскелік полиция инспекторына не болмаса әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғайтын бөлімше инспекторына шағымдануды ұсынуы тиіс;
- психологиялық зорлық-зомбылық күш көрсету зорлық-зомбылығына әкеп соғуы мүмкін болғандықтан Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңының 5-бөлігінің 15-бабы негізінде ішкі істер органдарына тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері немесе олардың жасалу тәуекелі туралы ақпараттандыруы тиіс;
- Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңының 18-бабы негізінде ІІБ-нен тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының ресми өтінішінсіз тұрмыстық жәбірлеушіге қатысты жеке профилактика шараларын қолдауын талап етуі тиіс;
- жәбірленушінің пікірін ескере отырып, ішкі істер органының басшысы немесе оның орынбасары немесе учаскелік полиция инспекторының алдында қорғаныс нұсқамасын шығару туралы өтініш білдіруі тиіс, қорғаныс нұсқамасы тұрмыстық зорлық-зомбылықты жасаған тұлғаға немесе қол қойдыра отырып, оны жасау қаупі бар тұлғаға табысталады;
- Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңының 20-бабына сәйкес қорғаныс нұсқамасымен тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанына тұрмыстық зорлық-зомбылықты жасауға тыйым салынатыны, жәбірленушінің еркінен тыс оны іздеуге, құдалауға, баруға, ауызша, телефон әңгімелерін жүргізуге және онымен, сонымен қатар кәмелеттік жасқа толмаған және (немесе) қабілетсіз отбасы мүшелерімен басқа да әдістермен байланысқа түсуге тыйым салынатындығы түсіндіріледі. Қорғаныс нұсқамасының жарамдылық мерзімі ол шығарылған тұлғаға табысталған сәттен бастап отыз тәулікті құрайды.
- жәбірленушіге оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қорғаныс нұсқамасы шығарылған құқық бұзушының ІІБ-не профилактикалық есепке қойылатыны және оның іс-әрекетін ІІБ қызметкерлері жеті күнде кемінде бір рет тексеріп отыратыны туралы ақпараттандыруы тиіс;
- тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанын денсаулық сақтау және әлеуметтік даму органдарына жолдауы тиіс, онда жәбірленушіге медициналық, психологиялық көмек және уақытша баспана ұсыну түріндегі арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетілуі тиіс;
- тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының қалауы бойынша ҚР ӘҚБтК «Жәбірленушінің өкілі» 753-бабы негізінде сотта оның мүдделерін танытуы тиіс. Әлеуметтік қорғаушының уәкілеттіктерін ресімдеу ҚР АПК «Өкілдің уәкілеттіктерін ресімдеу» 62-бабы негізінде жүзеге асырылады;
- тұрмыстық жәбірлеушіге қатысты тиісті шараларды қолданғаннан кейін ведомствоаралық өзара әрекеттесу механизмдерінің көмегімен отбасындағы жағдайды қадағалау;
- психологиялық зорлық-зомбылық әрекеттері әлі де жалғасып, одан да ауыр зардап түріне айналған жағдайда ҚР ӘҚБтК «Қорғаныс нұсқамасын бұзу» 461-бабы бойынша және кодталған заңнаманың басқа да нормалары бойынша тұрмыстық зорлықшыны әкімшілік жауапкершілікке тарту шараларын қолдану.

Күш көрсету зорлық-зомбылығы

Бірнеше қайтара даудан кейін күйеуі әйелін бетінен жұдырықтап ұрып, оған жеңіл дене жарақатын келтірген.

Қазіргі уақытта кез келген күш көрсету зорлық-зомбылығы қылмыстық теріс қылық немесе қылмыс болып табылады. Құқық бұзушылық әрекеттері отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында жасалған деп сараланбайды, өйткені тұрғынұйдің, пәтердің немесе өзге тұрғынүй құрылымының шегінде жасалды.

Әлеуметтік қорғаушы:

- жағдайға, әйелдің және өзге отбасы мүшелерінің (олар болған жағдайда) психологиялық жағдайына баға беруі тиіс;

- медициналық мекеменің көмегіне жүгінуді және әйеліне келтірілген дене жарақаттарының ауырлығын анықтау мақсатында медициналық куәландырудан өтуді ұсынуы тиіс;

- ІІБ-не өтініш білдіруді ұсынады, атап айтқанда қылмыстық тері қылық бойынша өндірісті қозғау үшін ІІБ-не, атап айтқанда, ІІБ кезекші бөліміне немесе учаскелік полиция инспекторына не болмаса әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғайтын бөлімше инспекторына шағымдануды ұсынуы тиіс. Ұрып-соғу немесе дене жарақаттарын келтіру туралы істер жеке айыптау істері болып табылады (ҚР ҚПК 32-бабы). Осы істер бойынша өндіріс жәбірленушінің арызы бойынша ғана басталады және оның айыпталушымен, сотталушымен татуласуы бойынша тоқтатылуы тиіс;

- Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңының 5-бөлігінің 15-бабы негізінде ішкі істер органдарын тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері туралы ақпараттандыруы тиіс;

- Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңының 18-бабы негізінде ІІБ-нен тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының ресми өтінішінсіз тұрмыстық жәбірлеушіге қатысты жеке профилактика шараларын қолдауын талап етуі тиіс;

- жәбірленушінің пікірін ескере отырып, ішкі істер органының басшысы немесе оның орынбасары немесе учаскелік полиция инспекторының алдында қорғаныс нұсқамасын шығару туралы өтініш білдіруі тиіс, қорғаныс нұсқамасы тұрмыстық зорлық-зомбылықты жасаған тұлғаға немесе қол қойдыра отырып, оны жасау қаупі бар тұлғаға табысталады;

- жәбірленушіге өз арызында күйеуіне қатысты жақындауға тыйым салу түріндегі қылмыстық-процессуалдық кесім шарасын қолдану туралы көрсете алатынын түсіндіруі тиіс (ҚР ҚПК 165-бабы). Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының арызында мыналарды көрсету керек:

1) Сізге қатысты қандай қоқан-лоқы немесе дәмегөйшілік (тұрмыстық зорлық-зомбылық түрі) көрсетілді немесе көрсетіліп жүр?

2) Сізге қоқан-лоқы немесе дәмегөйшілік кімнің тарапынан көрсетілді?

3) Сіздің көзқарасыңыз бойынша қоқан-лоқы немесе дәмегөйшілік әлі де жалғасуда ма?

4) куәгерлер мен дәлелдемелердің болуы

5) болған оқиғаны толық сипаттап беру керек, сонымен қатар қолыңызда бар барлық дәлелдемелер мен куәгерлердің байланыс деректерін жинап, қолдау хатпен бірге беру керек.

6) тұрмыстық күш көрсету зорлық-зомбылығы кезінде дәрігердің зерттеу нәтижелерін қоса ұсыну керек.

- тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанына ҚР ҚПК «Жақындауға тыйым салу» 165-бабының ережесін түсіндіру керек.

- тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанын денсаулық сақтау және әлеуметтік даму органдарына жолдау, онда жәбірленушіге медициналық, психологиялық көмек және уақытша баспана ұсыну түріндегі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілуі мүмкін;

- тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының қалауы бойынша сотта және ІІБ-де оның мүдделерін таныту. Әлеуметтік қорғаушының уәкілеттіктерін ресімдеу ҚР АПК «Өкілдің уәкілеттігін ресімдеу» 62-бабы негізінде жүзеге асырылады;

- тұрмыстық жәбірлеушіге қатысты тиісті шараларды қолданғаннан кейін ведомствоаралық өзара әрекеттесу механизмдерінің көмегімен отбасындағы жағдайды бақылауы тиіс;

- жәбірленушіні күйеуіне қатысты шығарылған жақындауға тыйым салудың тараптардың тұрғынұйдің жал төлемі, мүлікті жалдау, иелік ету және бөлу сияқты экономикалық мәселелерге араласпайтыны туралы ақпараттандыру. Жақындауға тыйым салудың ортақ баласы, оның күтімі және онымен кездесу туралы ортақ қамқорлыққа қатысты заңдық ықпалы болмайды.

Экономикалық зорлық-зомбылық

Бірнеше мәртелік отбасы-тұрмыстық жанжалдан және психологиялық немесе күш көрсету тұрмыстық зорлық-зомбылығынан кейін әйелі бір жасар баласымен өз ата-анасына кетіп қалған.

Күйеуі (жеке кәсіпкер) ажырасуға келісімін бермейді және еңбекке жарамсыз әйелі мен баласын асыраудан бас тартады.

Әлеуметтік қорғаушы:

- тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының қағидаларын-отбасын қолдау мен сақтап қалу қағидаларын қарастыратын Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңының 3-бабының 4-тармағын ескере отырып, жағдайға баға беруі тиіс;
- жәбірленушінің күйеуімен бірге тұрғысы келмейтіндігіне көз жеткізгеннен кейін дербес немесе маманның (заңгердің) көмегімен ажырасу және балаға алимент алу тәртібі туралы консультация беруі тиіс;
- заңдық мәні бар құжаттарды ресімдеуге, атап айтқанда-некені бұру туралы арызды жазуға көмек көрсетуі тиіс;
- жәбірленушіге сотқа ұсынылуға тиісті құжаттар туралы ақпараттандыруы тиіс, атап айтқанда:

- 1) некені бұзу туралы арыздың екінші данасы;
- 2) неке қию туралы куәліктің түпнұсқасы;
- 3) тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының жеке басын растайтын құжат;
- 4) белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 30% мөлшеріндегі мемлекеттік баж салығының төленгені туралы түбіртек (ҚР Салық кодексінің 535-бабы 1-тармағының 5-тармақшасы). Некені сот тәртібімен бұзатын кезде ерлі-зайыптылардың арасында мүлік бөлінісі туралы талап мәлімденген жағдайда талап арыз мөлшерінің (мүлік құнының) 1% мөлшерінде қосымша мемлекеттік баж салығы төленеді;
- 5) баланың туу туралы куәлігі, ол түпнұсқа түрінде, сондай-ақ нотариалдық расталған көшірме түрінде де ұсынылуы мүмкін;
- 6) мекенжай анықтамасы;
- 7) тараптардың әрқайсысынан тіршілік көздері туралы (жалақы) құжаттар;
- 8) ерлі-зайыптылардың арасында жасалған (жасалған болса) неке келісім-шарты;

Ерлі-зайыптылар мәселені бейбіт жолмен шешуге қабілетсіз болса, ол сот тәртібімен шешіледі. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518 «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» заңының 16-бабының 2-бөлімінде некені (ерлі-зайыптылықты) зайыбының жүктілігі кезеңінде және бала туғаннан кейінгі бір жыл ішінде оның келісімінсіз бұзуға болмайды деп көрсетілген.

Неке (ерлі-зайыптылық) сот тәртібімен бұзылған кезде ерлі-зайыптылар кәмелетке толмаған балалары өздерінің қайсысымен тұратындығы туралы, балаларды және (немесе) еңбекке қабілетсіз мұқтаж жұбайын күтіп бағуға қаражат төлеу тәртібі, осы қаражаттың мөлшері туралы не ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы келісімді соттың қарауына ұсына алады. Неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін ерлі-зайыптылар өзінің тегін таңдауды некенің (ерлі-зайыптылықтың) бұзылуын мемлекеттік тіркеу кезінде шешеді.

Егер ерлі-зайыптылар арасында осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша келісім болмаған жағдайда, сондай-ақ, осы келісім балалардың немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің мүдделерін бұзатындығы анықталған жағдайда, сот:

- 1) неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін кәмелетке толмаған балалар ата-аналарының қайсысымен тұратындығын айқындауға;
- 2) ата-аналардың қайсысы және қандай мөлшерде балаларды күтіп бағуға алименттер төлейтінін айқындауға;
- 3) кәмелетке толмаған балалардың және (немесе) ерлі-зайыптылардың өздерінің мүдделерін ескере отырып, ерлі-зайыптылардың талап етуі бойынша олардың бірлескен ортақ меншігіндегі мүлікті бөлуге;
- 4) жұбайынан ақша қаражатын алуға құқығы бар екінші жұбайдың талап етуі бойынша осы қаражат мөлшерін айқындауға міндетті.

Егер мүлікті бөлу үшінші бір адамдардың мүдделерін қозғайтын болса, сот мүлікті бөлу туралы жеке іс жүргізуді талап етуге құқылы. Сот органдары арызды қабылдағаннан кейін талапкер сот отырысының тағайындалғаны туралы құжатты алады. Бұл ретте талапкер ажырасу туралы шешімді соттың сәйкес арызды берген сәттен бастап бір айдың ішінде қабылдайтынын есте сақтауы керек.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық кодексінің 31-бабымен белгіленген жалпы ереже бойынша некені бұзу туралы талап арыз жауапкердің (яғни талап арыз кімге қатысты болса, сол ерлі зайыптының) тұрғылықты жері бойынша сотқа берілуі мүмкін. Осы кодекстің 31-бабының 7-тармағына сәйкес талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша онымен кәмелетке толмаған балалары бірге тұрған жағдайда немесе талап қоюшының жауапкердің тұрғылықты жеріне баруы денсаулық жағдайына байланысты қиынға соққан жағдайда некені бұзу туралы талап арыздар сотқа талапкердің (яғни талап арызды беретін ерлі-зайыптының) тұрғылықты жері бойынша берілуі мүмкін. Ерлі-зайыптылар бірге тұрған жағдайда (немесе бір қаланың (ауданның) аумағында тұрған кезде - талап арызды ол тұратын ауданның (қаланың) сотына беру жалғыз ғана жол болып табылады. Тұрғылықты жерлері әртүрлі болып, ерлі-зайыптылардың

арасында келісім болған жағдайда талап арызды беру орнын жоғарыда көрсетілген нормаларға байланысты анықтауға болады.

Жылжымайтын мүлік бөлінісі ерікті болуы мүмкін және неке кезінде, сондай-ақ ол бұзылғаннан кейін де жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте өзара келісім бойынша ерлі-зайыптылар тең үлеспен бөлуден ауытқи отырып, пәтерді немесе үйді теңдей бөлмеуі мүмкін. Мысалы, біреуге бүкіл пәтер немесе оның көп бөлігі тиесілі болып қалуы мүмкін. Бұрынғы ерлі-зайыптылардың бейбіт келісімге келуі мүмкін болмаған жағдайда олардың біреуі немесе екеуі де сотқа арыз бере алады.

Мүлікті екі адамға бөлу мүмкін болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» заңында (35-бап) некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) дейін ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі болған мүлік ерлі-зайыптылардың әрқайсысының меншігі болып табылады. Басқа сөздермен айтқанда, үйленуге немесе күйеуге шыққанға дейін сіздің иелігіңізде болғанның барлығы пәтерде өзге отбасы мүшелерінің тіркелгеніне қарамастан сіздікі болып қалады.

Неке шартында өзге жағы қарастырылааған болса, неке кезінде ерлі-зайыптылардың біріне сыйға тартылған немесе мұраға қалған пәтер бөлінбейді. Мысалы, мұраға қалдырылған мүлік ортақ болып есептеледі.

Некеге дейін тұрғынүйді сыйға тартудың немесе сатып алудың ерекшеліктері туралы жас жұбайлардың ата-аналары естерінде сақтауы тиіс. Мысалы, пәтерді той сыйлығы ретінде ұсынған жағдайда некені тіркеу, мәселен, 15-іне тағайындалған болса, ал шаршы метрлер бес күн бұрын сатып алынған болса, ол бірігіп сатып алынған болып есептелмейді. Ажырасқан жағдайда бұндай пәтер ортақ қаражатқа сатып алынғанына қарамастан бөлуге жатпайды, ал оның иегері болып сатып алу-сату шарты ресімделген ерлі-зайыпты есептеледі.

Дара иелік етуді қарастыратын ережелердің өз ерекшеліктері бар. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» заңының 36-бабына сәйкес егер некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі немесе ерлі-зайыптылардың бірінің мүлкі не олардың кез келгенінің еңбегі есебінен осы мүліктің құнын едәуір арттырған салыным жасалғаны анықталса, ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлкі олардың бірлескен ортақ меншігі болып танылады. Бұндай жақсартуларға күрделі жөндеу, реконструкциялау, қайта жабдықтау және жөндеу жатады. Мысалы, жеке тұрғынүй жайындағы үйге тағы бір қабат қосып, гараж және т.б. салынды делік, ағымдағы жөндеу бұл баптың талабына жатпайды. Пластик терезелерді ауыстыру пәтерді ортақ меншік деп тануға негіз болмайды. Сотта даулы пәтерге қатысты ортақ отбасылық бюджеттен мүліктің құнын едәуір арттырған салым жасалғанын дәлелдеу керек.

Сексуалдық тұрмыстық зорлық-зомбылық

Бұрынғы күйеуі өзінің бұрынғы әйелінің үйіне келіп, оның еркінен тыс онымен жыныстық қатынасқа түсті делік.

Кез келген сексуалдық зорлық-зомбылық қылмыстық теріс қылық болып табылады, ҚР ҚК барлығына дерлік баптары бойынша жеке немесе жеке жария тәртіппен шешіледі, сонымен қатар қылмыстық құдалау тараптардың татуласуы бойынша тоқтатылуы мүмкін.

Әлеуметтік қорғаушы:

- әйелге дәлелдеме ретінде кез келген сексуалдық зорлық-зомбылық құрбанының осындай зорлық-зомбылықтың іздерін сақтап қалу керектігін, яғни қылмыстық дәмегөйлік нысанына айналған дене бөліктерін жумау керектігін, кейіннен қарап тексеру үшін және қылмыс іздерін анықтау үшін киімді сақтап қою керектігін түсіндіру керек;
- медициналық мекеменің көмегіне жүгініп, медициналық тексеруден өту керектігін ұсыну керек;
- қылмыстық әрекет бойынша өндірісті қозғау үшін ІІБ-не, атап айтқанда, ІІБ кезекші бөліміне немесе учаскелік полиция инспекторына не болмаса әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғайтын бөлімше инспекторына шағымдануды ұсынуы тиіс. Осы істер бойынша өндіріс жәбірленушінің арызы бойынша ғана басталады және айыпталушымен, сотталушымен татуласуына байланысты тоқтатылуы мүмкін;
- Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңының 3-бабы 5-бөлімінің негізінде ақпаратты жарияламауы тиіс, өйткені ол конфиденциалды болып табылады және жәбірленуші өмірінің интимдік жағын қозғайды;
- жәбірленушіге өз арызында күйеуіне қатысты жақындауға тыйым салу түріндегі қылмыстық-процессуалдық кесім шарасын қолдану (ҚР ҚПК 165-бабы), сонымен қатар ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңының 22-бабы негізінде құқық бұзушының іс-әрекетіне ерекше талап белгілеу туралы көрсете алатынын түсіндіруі тиіс;
- тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының қалауы бойынша сотта және ІІБ оның мүдделерін танытуы тиіс. Әлеуметтік қорғаушының уәкілеттіктерін ресімдеу ҚР АПК «Өкілдің уәкілеттіктерін ресімдеу» 62-бабы негізінде жүзеге асырылады.